

БІЛІМ ШЫҢЫ-

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста...

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

МОЛДАШЕВА
Гаухар
Елтайқызы

Арыс қаласының білім бөлімінің
әдістемелік кабинет меңгерушісі



WWW.BILIM-SHINI.KZ



Республикалық
ғылыми-әдістемелік,
танымдық,
мәдени-рухани
журнал

2015

ЖЫЛДЫҢ ТАМЫЗ АЙЫНАН
БАСТАП ШЫҒА БАСТАДЫ.

№11-12 (97-98)
қараша/желтоқсан,
2023



Түркістаннан Токиоға:
ӨРКЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БЕСІГІ – ЖАПОН ЕЛІ

2 бет

БІЛІМ ШЫҢЫН БІРГЕ БАҒЫНДЫРАЙЫҚ!

«Білім шыңы - Ғылым сыры» журналы 9 жыл Сіздермен бірге! «Білім шыңы - Ғылым сыры» журналының шығармашылық ұжымы, әрдайым жаңаша жұмыс жасап, ұстаздардың мәртебесін айшықтап, біліктілігін арттыру үшін журналға ең қажетті материалдарды жариялап келеді. Журналымыздың «Озат тәжірибе – баршаға ортақ», «Үздік сабақ», «Ізгілікке жол ашқан», «Мерейлі мектеп», «Білім тынысы», «Білімнің жаңа жүйесі», «Болар елдің баласы», «Ғылымға қадам», «Жыр жазамын жүрегіммен», «Құрмет тақтасы» сияқты айдарлары бойынша жарияланған сапалы материалдардан ұстаздар қауымының үйренері көп деп сенеміз.

Бірге болайық, білім алауын бірге жағайық!

БІЛІМ ШЫҢЫ- *Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста*

ҒЫЛЫМ СЫРЫ



Журналға жазылыңыз!

Қазпошта арқылы 6 айға
жазылу бағасы 3765тенге
индекс:74871

Сіздерден құнды
материалдар
күтеміз!

Журнал лицензиясы -
№15454-Ж (01.07.2015)
Республикалық журнал
+Сертификат+Грамота



Аттестацияға
100% жарамды

8778 625 20 78
8775 076 78 76

БІРТҰТАС ТӘРБИЕ:

Поэзия айы



*ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,
бас редактор.*

Аристотельден кейінгі әлемнің екінші ұстазы атанған Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы. Ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі» деген екен. Тәрбие – жас ұрпақты биік мұратқа жетелейтін негізгі тұғыр. Ұлттық құндылықтармен сусындап өскен ұрпағымыз ғана Қазақ Елін жарқын болашаққа бастайтыны белгілі.

Елімізде жаңа оқу жылынан бастап 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» іске асырылуда. Бұл құжат жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша қараша айы «Поэзия айы» деп белгіленді. Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу басты мақсаты болып табылатын бұл бағдарламада поэзияға ерекше көңіл бөлінгенінің өз заңдылығы бар деп ойлаймын. Ақын халық болып танылған, әділ шешімге бағынған, сөзге тоқтаған, жақсылықты жақтаған халқымыз ғасырлар бойы жас ұрпағына өлең арқылы өзекті мәселелерді үйретіп, поэзия арқылы парасаттылыққа тәрбиелеп келді. Бұл жақсы үрдіс болашақта да жарасымды жалғасын табады деп сенеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, азаматтарымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқудан, ақын өлеңін жаттаудан жалықпаған жөн. Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру

және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» деп атап өткен болатын. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде өнерді тірнек өнері және көрнек өнері деп бөледі. Көрнек өнерінің сәулет өнері, сымбат өнері, кескін өнері, әуез өнері, сөз өнері деген тараулары бар. «Өнердің ең алды сөз өнері деп саналады. «Өнер алды – қызыл тіл» деген қазақ мақалы бар. Мұны қазақ сөз баққан, сөз күйттеген халық болып, сөз қадірін білгендіктен айтқан. Алдыңғы өнердің бәрінің қызметін шама қадарынша сөз өнері атқара алады. Қандай сәулетті сарайлар болсын, қандай сымбатты я кескінді сүгіреттер болсын, қандай әдемі ән-күй болсын сөзбен сөйлеп, сүгіреттеп көрсетуге, танытуға болады. Бұл өзге өнердің қолынан келмейді» дейді ұлт ұстазы.

«Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы» деп өлеңнің өлшемін айқындап берді қазақтың бас ақыны ұлы Абай.

«Поэзия! менімен егіз бе едің?
Сен мені сезесің бе, неге іздедім?
Алауыртқан таңдардан сені іздедім,
Қарауытқан таулардан сені іздедім.
Сені іздедім кездескен адамдардан,
Бұлақтардан, бақтардан, алаңдардан.
Шырақтардан, оттардан, жалаулардан,
Сені іздедім жоғалған замандардан» дейді ақиық ақын Мұқағали Мақатаев.

«Күлкімді, жайлы күнімді,
азапты, қайғы-мұңымды
өзіммен бөліскенің үшін,
қатем мен жеңістерім үшін
менің мынау қиындау тағдырым болып
о баста көріскенің үшін

Өлең, мен сені аялап өтем!» дейді аяулы ақынымыз Фариза Оңғарсынова. Поэзия айында сөз сарасы өлеңмен тереңірек танысайық, тылсым сырымен табысайық, асыл поэзиямызды іздеп өтейік, аялап өтейік, асқақ армандарға қол созып, биік мақсаттарға жетейік.

ӨРКЕНИЕТ ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ БЕСІГІ — ЖАПОН ЕЛ



МОЛДАШЕВА Гаухар Елтайқызы,
Арыс қаласының білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі.
Түркістан облысы.

Бүгінгі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында білім беру жүйесі жетекші рөл атқарады. Еліміздегі білім беру моделі әлемдік көшке ілесуге ниетті. Ал, оның алғышарттары жыл сайын қабылданатын мемлекеттік бағдарламалар. Бағдарламаның басты тетігі – білім, мақсаты – бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу. Демек, ұдайы дамып, үздіксіз жаңалықпен толығып отыруға бейім салмақты салаға артылған жүк те ауыр. Себебі, интеграциялық даму мен инновациялық өрлеу қарыштаған сайын бірқалыпты жүйемен көшке ілесу мүмкін емес. Осы ретте, сапалы білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуге білім жүйесін оңтайландырып, түрлі бағыттағы әдістемелерді тәжірибеде қолдану игі әсерін тигізетін маңызды құбылыс. Дәл осы бағытта Түркістан облысының білім беруді дамыту орталығының ұйымдастыруымен Жапон еліне іссапарға барып қайттым.

Іссапардың басты мақсаты жапон елінің білім беру әдістемесін, әкімшілік басқару, педагогикалық ұжымдық мәдениет, мұғалімнің кәсіби даму құзіреттілігі және оқушыларды тәрбиелеуде патриоттық сананы қалыптастыру тәсілдерімен танысып, тәжірибе жинақтау болды.

Кішіпейіл күншығыс елі

Жапония әлемдегі ерекше, қызықты және жұмбақ елдердің бірі екеніне көзім жетті. Жапонияның бай мәдениеті, салт-дәстүрі, тамыры тереңде жатқан тарихы, бәрі де бір жерде жиылып сайрап тұрғандай. Әсіресе, Жапон елінің Токио қаласына барғанда рухын мен жүрегің терең тыныстап, бір серпіліп қаласың! Жапония қонақжай әрі толерантты мемлекет екен. Жапонияға барған қонақтар олардың мәдениеті жайлы білетін болса, халқы үшін өте жағымды әсер етеді. Егер сіз жергілікті әдет-ғұрыпты білетін болсаңыз, онда жапондықтар сізге жоғары құрметпен қарайды.

Бізді алғаш күтіп алған күннен бастап жапондықтардың кішіпейілділігі, мәдениеттілігі, білгенімен бөлісіп, тәжірибе алмасуы жағымды әрі пайдалы әсер қалдырды.

Тәртіп, содан кейін білім...

Токиодағы алғашқы күн оқыту семинарынан басталды. Семинарда Уаседа университетінің профессоры Юмико ОНО қазіргі заманауи білім жүйесінің қалыптасу тарихымен таныстырды. Семинардан кейін жапон мектептеріндегі оқыту әдістемесімен танысу үшін екі бастауыш мектебіне бардық.

Жапониядағы білім беру жүйесінің бізге жақын, ұқсас жақтары да бар, бірақ салыстырмалы түрде айтатын болсам, жапон оқушылары қатал тәртіпке бағынған. Оқушылардың сабаққа қатысуы да өте үлгілі, олар ешқашан сабаққа кешігіп келмейтіні, бәрі уақытымен жүретіні көрініп тұрды, яғни, бала кездерінен қалыптасқан дағды бар екенін ерекше айтқым келеді.

Жапониядағы мектеп үш саты бойынша жұмыс жасайды: бастауыш, орта және жоғары. Онда бастауыш сыныптар 1-6-сыныптар, орта буын – 7-9-сыныптар және жоғарғы мектеп – 10-12 сыныптар. Одан бөлек оқу жылының ұзақтығында да елеулі ерекшеліктер бар.

Оқу жылы Жапонияда сәуір айында басталады. Бірінші семестр – сәуірден шілдеге дейін; екіншісі – қыркүйектен желтоқсанға дейін; үшінші семестр – қаңтардан наурыз айының ортасына дейін болып есептеледі. Ал, оқушылар үшін каникул ұзақтығы – бір-бір жарым ай. Негізінде, тамыз айы оқушылар үшін демалыс мерзімі болып саналады екен.

Білімге құштар ұлт

Балалар бастауыш сыныпқа қабылдану үшін арнайы емтихан тапсырады. Емтиханды сәтсіз тапсырғандар келесі жылы мектепке түсу үшін арнайы дайындық



курсына қайтадан барып оқиды.

Бастауыш сыныптарда оқу жеңіл, үйге тапсырма берілмейді.

Бастауыш мектептің басты мақсаты – мәдениетті адам қасиеттерін қалыптастырып, жалпы білім негіздерін таныстыру. Төртінші сыныпқа дейін емтихан тапсырмайды. Өз бетімен орындаған шығармашылық жұмыстарын өткізеді. Оқушылар ең алдымен адамды құрметтеуге, табиғатты аялауға, ортаға зиян келтіретін әрекеттерден аулақ болуға тәрбиеленеді. Өзін-өзі ұстай білу, қанағатшылдық, қоғам үшін еңбек ету – басты тәрбие бағыты.

Оқушылардың ана тілін меңгеруі туралы айтар болсам, жапон тілі бастауыш сыныптан бастап міндетті түрде оқытылады. Барлық пән мемлекеттік тілде өтіледі. Бастауыш сыныпта сабақ 45 минуттан күніне 4 сабақтан аспай оқытылса, орта мектепте сабақ 50 минуттан аспай оқытылады. Мектепте міндетті 10-15 минуттық кітап оқу шарасы өтіледі. Шараға барлық оқушылар қатысады.

Әр мектепте оқытылатын пәндердің тізімі аздап ерекшеленеді, алайда, жапон тілі, тарих, математика, жаратылыстану, дене шынықтыру, өнер сабақтары сияқты пәндер барлық бастауыш мектептерде оқытылады, ал орта мектепте балаларға шетел тілдерін оқытуды бастайды. Сондай-ақ, мектеп оқушылары бірқатар басқа факультативті пәндерді де оқи бастайды.

Мектеп оқушылары көп уақытты сыныпта өткізеді, бос уақытында курстар мен үйірмелерге қатысады. Жапондықтар оқуға көп уақыт пен күш жұмсайды, өйткені жақсы білім болашақта тұрақты және жоғары ақылы жұмыс орнының кепілі. Осыдан жапондықтардың білімге құштар, бәсекелесіп оқитын ел екені көрініп тұр.

Мектеп тазалығына оқушылар жауапты

Мектептерде балалар қауіпсіздігіне өте үлкен мән беріледі. Әрбір кабинетте міндетті түрде екі есік қойылған және сыныптан ортақ балкон арқылы ішкі аулаға шығуға да мүмкіндік бар. Сейсмикалық қауіпті аймақ үшін бұл аса маңызды. Мектептерде мейлінше «табалдырықсыз» аймақтар жасалған. Бұл бір жағынан инклюзивті білім беру үшін жасалған болса, бір жағынан табалдырықтың өзі балалар үшін шектеу, шекара болмасын деген мағынада жасалған.

«Түртіп алған» тұстарға келетін болсам, мектептің ішкі безендірулері қарапайым. Мысалы, бізде мектептерде стендтер, түрлі баннерлер мен бұрыштар болса, Жапон мектептерінің дәліздері мен сынып бөлмелері оқушылардың шығармашылық және қолөнер жұмыстарымен безендірілген.

Жапон мектептерінде оқушылар белгілі бір уақытта тамақтанады. Тамақты оқушыларға кезекші оқушы үлестіреді. Оқушылар арнайы тігілген телпек пен ақ халат киіп, сынып бөлмелерінде тамақтанады. Ас аяқталған соң оқушылар ыдыстарды жинап, жуатын орынға апарды. Жапон мектептерінің өзгеге ұқсамайтын тағы бір ерекшелігі – сыныптың, ауланың тіпті дәрехананың тазалығына оқушылар өздері жауапты. Жалпы Жапон оқушылары бала жасынан тазалыққа дағдыланған.

Зерттеу сабағының берері мол болды

Сонымен қатар іссапар барысында Жапонияның Ұлттық білім беру саясатын зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, «Мұғалімнің сабақты зерттеуі» тақырыбында өте көлемді ғылыми әдістемені

дамытып жүрген профессор Тошия Чичибу ғалыммен кездесу ең сәтті кезең болды. Профессор Тошия Чичибудың лекциясында болып, теориялық және практикалық тұрғыдан тәжірибе алмасып, жапон мемлекетінің білім беру жүйесімен таныстық.

Зерттеу сабақтары барысында оқушының ізденуі мен зерттеу дағдыларын қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында қолданылатын технологиялар баршылық. Зерттеу сабағы қарапайым идея болып табылады. Егер сіз оқытуды жақсартқыңыз келсе, онда басқа мұғалімдермен бірге жұмыс істеу – жоспарлау, бақылау және сабақ бойынша ой жүгірту маңызды.

Зерттеу сабақтарына қатысу барысында жапон мұғалімдерінің зерттеу жұмысы мен талдауларынан тәжірибе алдым. Алдағы уақытта жапон елінде көрген, алған озық тәжірибелерді білім саласына енгізіп, жұмыс жүргізу басты мақсатым болмақ.

Қысқаша түйіндейтін болсам, Жапондар – әлемдегі ең еңбекқор ұлттардың бірі. Ғылымға ерекше маңыз беріп, ғаламдағы небір тамаша жаңалықтарды, жаңа технологияларды ойлап табу қабілеттерімен қоса қарапайымдылық, мәдениеттілік, өзара қамқорлық және құрмет көрсету қасиеттері өте жоғары деңгейде қалыптасқан.





ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ – КЕМЕЛ КЕЛЕШЕКТИҢ КЕПІЛІ

*ТЕЛЕМИСОВА Ельмира Сатыбалдықызы,
№28 мектеп-лицейінің директордың
ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары.
Түркістан қаласы.*

Бір ұлтты басқа ұлттан даралайтын – оның ұлттық құндылықтары, яғни, әдеби мұрасы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрі, мәдениеті, өнері, тұрмыстық бұйымдары, ұлттық ойындары, т.б. өзгелерге ұқсамайтын қасиеттері. Ұлттық құндылықтарымыз шын бағасын алғанда ғана, жоғымыз түгенделіп, өшкеніміз жана бермек. Әлемдік қауымдас-тықтың біртұтас білім кеңістігін қалыптастыруға бағытталған ортақ мүддеге барынша әрекеттенуіміз жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген саналы да парасатты тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Осы орайда біртұтас тәрбие бағдарламасының маңызы мен берері мол деп сенемін. Себебі ұлттық тәрбие қазіргі таңда елімізде орын алып отырған көптеген келеңсіз мәселелерді жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы деп ойлаймын. Түйіндеп айтатын болсам, «қолымызды мезгілінде дөп сермеуіміз керек». Өйткені ата-бабаларымыздың сан ғасырлар бойы ұрпағына азық болған ақыл-кеңес, өсиеттері, асыл мұрасы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін қалыптастыру сезімін ояту – білім беру мекемелері, ата-ана, қоғам, яғни баршамыздың парызымыз. Бірлескен жұмыстың нәтижесі болмақ. Сонда ғана ұлттық сана-сезімі толыққанды жетілген, туған тілін еркін білетін, ұлттық сипаты мен ұлттық рухын жоғалтпаған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды өздеріңіздің талмай, қажымай еткен еңбектеріңіздің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға бір кісідей атсалысу қажет.

Ұлттық тәрбие – қазір елімізде орын алып отырған көптеген мәселелерді: ана тілін, ата тарихын, ұлттық салт-дәстүрін білмейтін жастар, тастанды жетім балалар, «қиын» балалар, қарттар үйлеріндегі әжелер мен аталар, нашакорлыққа салынған жастар, тағы басқаларды бірте-бірте жоюдың және олардың алдын алып, болдырмаудың негізгі жолы. Ұлттық тәрбие алған ұрпақ дені сау, білімді, ақылды, ұлтжанды, еңбекқор, сыпайы, кішіпейіл болып өседі. Сондықтан да ұлттық тәрбие – ел болашағының діңгегі десек те болады.

Осы ретте Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі әзірлеген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» басшылыққа ала отырып, №28 мектеп-лицейде түсіндірме және талқылау жұмыстары жүргізілді. Тәрбие мазмұнын айқындауда әзірленген «Біртұтас тәрбие

бағдарламасы» туралы ұлттық құндылықтарды негізге ала отырып, ел бірегейлігін нығайтуға, әділетті қоғам құруға білімді, адал ұрпақты тәрбиелеуді көздейтініне тоқталды. Біздің қоғам өзгерісті біреуден мадақ есту үшін емес, ең алдымен, өзі үшін жасауға тиіс. Мұны елдің ертеңі, ұрпақтың болашағы жарқын болуы үшін қолға алуымыз керек. Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі – адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір-бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» негізінде: Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу мақсатында мектебіміздің жылдық жоспарына мектебіміздің «Өзін-өзі басқару» ұйымының мүшелерімен бірлескен «Тоғыз айға – 9 іс-шара» жоспарын бекіттік. Тақырыбы: «Тәрбиесіз берген білім – адамзаттың қас жауы» Міндеттері: Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. Іс-шаралар барысында қатысушылар оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда білім беру ұйымдарындағы 2023-2024 оқу жылында жүзеге асырылатын тәрбие жұмысының беталысын, құндылықтар негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктерін, білім алушылардың бойында құндылықтарды пәндік мазмұн, сынып сағаттары мен сыныптан тыс әлеуметтік тәжірибелер арқылы дарытудың әдіс-тәсілдерін меңгеріп, өзара пікір алмасып, ойларын ортаға салып, ертеңгі ұрпақты жан-жақты үйлесімді дамыған тұлға етіп тәрбиелеудің тиімді жолдарын талқылайды. Тәрбие жұмысында ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сынды үш құндылық тәрбиеге негізделген бағытқа басымдылық беру арқылы баланы ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлей білуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық беруге үйретеміз.



АТА КӘСІПТІ ЖАЛҒАСТЫРҒАН ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ӘУЛЕТІ

Ата-бабадан қалған отбасылық кәсіпті жалғастырып, ортақ іспен айналысып жүрген танымал әулеттердің бірі шымкенттік Бейісбековтер. Отбасында жеті адам қолөнермен айналысады. Оның барлығы да Қазақстан Суретшілер Одағының, ал, бесеуі Қазақстан Қолөнершілер одағының мүшесі. Өнерлі жандардың қолынан шыққан бұйымдарды отбасылық «Алтын Орда» галереясынан тамашалауға болады. Бұл жерден кез келген ұмыт бола бастаған көркем туындыларды кезіктіресіз. Галереяға арнайы ат басын бұрып барғанымызда, бір топ италиялық туристерді жолықтырдық. Уақыт тауып, отағасы Болат Бейісбековті (суретте) әңгімеге тарттық.

– Болат аға, шетелдік туристердің қарасы көп пе? Келушілердің ұлттық қолөнерге көзқарасы қандай?

– Иә, өзіңіз көріп тұрғандай, таңертеңнен келушілер көп. Галерея өз қарашаңырағымызбен қабаттаса соғылған. Яғни, жұмысымыз, үйіміз, шеберханамыз да осы жер. Осы күнге дейін байқағаным, галереяға тек халқын, дәстүрін сүйетін, ұлттық өнерді бағалайтын адамдар келеді екен. «Жақсымен өткізген жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей» дейді ғой. Шетелдіктер, өз жерлестеріміз келіп, әр туындыға таңқалып, қызығып жатқанда ең бірінші ата-бабамыздың даналығына марқайып, бас иемін. Бізге қалдырған мұраның баға жетпес құндылығына риза боламын. Өткен жолы екі үндістандық турист келді. Мұндағы титтей затқа дейін жасалу жолын, тарихын сұрайды. Естіген сайын мені кеп құшақтай береді. Ризашылықпен қайта-қайта «рақмет сізге» дейді. Бөтен ұлттың дәстүріне, өнеріне қуанып тұрған тілеулестіктері ғой. Осындай кең пейілді азаматтар келгенде қуанып қаламыз. Ал, «неге қымбат?», «бағасын түсірсеңші» деп еш қоспасыз дайындалған, қолдан жасалған табиғи таза өнімнің құнын түсіретін кей жерлестерімізді көргенде

қынжылып қалатынымыз рас.

– Мұндағы дүниелер несімен ерекшеленеді? Отбасы мүшелерінің басым бөлігі бір кәсіпте жүруінің сыры неде?

– Ең басты сыры, осы іске деген сүйіспеншіліктен болар. Егер менің шынайы қызығушылығым болмаса әу баста суретшілік немесе мұғалімдікпен шектелер едім. Екіншіден, арғы аталарымыз қолдарынан өнер тамған, осы іспен әулет боп айналысқан жандар екен. Киіз үй жабдықтарынан бастап ішкі жиһаз, бұйымдарын, отау ішіндегі тұрмыс құрған жас жұбайлардың салтанатты киіміне дейін өз қолдарымен әзірлеген. Арғы атамыз өзінің шебер жолдасының қызына құда түсіп, ұлына, яғни атамызға әперген. Демек, екі жақтан қатар, түп нағашы жағымнан да қолөнершілік дарыған болып тұр ғой. Маған дейінгі үш буын теміржолшы болғанмен, уақыт өте қандағы қасиет қайта жаңғырып отыр. Мен осы жолды таңдағанда «арғы атасының жолын құды, ісін жалғастырды» деп қуанғандар көп болды. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыру мен үшін мақтаныш.

Өмірлік жұбайым екеуіміз кескіндемеші саласын бірге бітіргенбіз. Ұлым былғарымен жұмыс істеу шебері. Келінім Мадина мен қызым Венера көркем



тоқымашы, қызым Акбота киім дизайнері, Арайлым интерьер дизайнері. Бірақ бәріміз колөнерге бет бұрып отырмыз. Мына жердегі дүниелердің сыртқы қорабына дейін өз қолымыздан шығады. Шебер адам сегіз қырлы, бір сырлы болу керек. Өнердің бір түрін ғана біліп қоймай, сан саласын меңгеру міндет деп ойлаймын. Шетелдік туристер қазақтың бүкіл өнерінің түрін көру керек. Қазіргі таңда Ауғанстаннан мамандар шақырып әлемдік сапа мен стильге теңесетін кілем тоқып жатырмыз. Ата-бабамыздан қалған түкті кілем, тақыр кілем, орама алаша, терме, қара терім секілді алаша түрлерін тоқу өнері көп қой, осы өнерді өлтірмей, жандандыру үшін жұмыс істейміз. Жүнді сатып алғаннан кейін ұршықпен иіріп, байырғы апаларымыздың әдісін өзгертпей, жасап шығамыз. Жаңа технологияның көмегін пайдалансақ та болар еді. Алайда келесі ұрпақ ұршықпен иіруді, қолмен тоқуды көру керек. Негізгі мақсатымыз осы көне өнердің мұртын бұзбай, жаңа заманмен ұштастыра отырып, ұрпаққа мирас ету.

– **Қарапайым суретшілікті кәсіпке, ұлы мұраттарға айналдыра білген жансыз. Біздің журналымызды ұстаздармен қатар, балалар да оқиды. Оқушыларға мамандық таңдауда қандай кеңестер бересіз.**

– Мен оқушыларға емес үлкендерге кеңес бергім келеді. Өйткені баланың болашағы үшін үлкендердің қолдауы, қанаттандыруы, жай ғана сенімі соншалықты маңызды. Шыны керек, бізде 11-сынып оқушысының тең жартысы кім болатынын білмеген күйі мектеп бітіреді. Көбі әкем айтты, шешем айтты деп түсе береді. Оған кім кінәлі? Он бір жыл бойы баланың потенциалын анықтауға көмектеспеген үлкендер кінәлі.

«Бұлақ көрсең көзін аш» демекші, марқұм әкем Бектастың даналығы деп ойлаймын, кішкентай кезімнен сурет салсам назарсыз қалдырмайтын. Әкемнің: «менің де балам үлкен көрме өткізіп, еліне пайдасы тиер ме екен» деген сөзі суретшілік жолды таңдауыма қатты әсер етті. Ол кезде суретшілер

даярлайтын жалғыз оқу орны Ә.Қастеев атындағы училище-тұғын. 8 сыныпты бітірген соң емтиханға ауылда салып жүрген Лениннің, Сталиннің портретін салып келе беріппін. Ал мұндағы талап биіктеу болып шықты. Натюрморт салуың керек, оны түстердің, жарықтың үйлесімімен жеткізе білуіне мән береді. Сөйтіп мені емтиханға да жібермей қойған. Оқуға түсе алмағаннан кейін көңіл-күйім онша болмады. Сонда әкем маған демеу берді, сағымды сындырмады. «Бір жыл дайындалып, келесі жылы түсемін, әке» дедім. Сол сөзімнен кейін әкем «мына бала суретшілікті шын қалайды екен, мұның жолы осы» деп ұйғарыпты. Келесі емтихан болатын күнді менен де асыға күтіп: «Полабай, тұр, өткен жылы емтиханға өзім апарып едім. Биыл өзің бара аласың ғой» деп ертемен тұрғызып, қолыма 10 сомдықты ұстатып, шығарып салған. Сөйтіп бір өзім келіп, оқуға түсіп кеттім. Сонда маған әкемнің сенімі, қолдауы қанат бітірген еді. Сондықтан үлкендер баламен жиі сөйлесіп, потенциалын ашуға көмектесетін аңғарымпаз болу керек.

– **Бала суретшіден дара суретшіге айналуыңызға ұстаздардың да үлесі мол тиген шығар...**

– Шіркін, біздің мұғалімдердің күштілігін айтсайшы. Әсіресе Тұрсынов Амангелді, Нарымбетов Молдағұл, Жақып Нұрмағанбетов ағайларымыз көп нәрсе үйретті. Адам бар нәрсені айналасында көргенімен ғана өлшейді ғой. Алғашында мен үшін суретшілік сурет пәнінің мұғалімі болумен өлшенетін. Ауылда бар көргеніміз сол ғой енді...

Училищеде біздің тобымыз жиын-терім жұмыстарынан ылғи бірінші орын алатын. Орын алғандар ақшалай сыйақымен марапатталатын. Бір жолы сол сыйақымызды мұғалімдеріміз әрқайсымызға таратып жіберместен «осы ақшаға сендерді Алматыға көрмеге апарамыз» деді. Алматыдағы Ә.Қастеев атындағы мұражайға алып келген кезде қатты таңырқағаным әлі есімде. Өйткені мұнда сырттай қатты қызығып жүрген «Балалық шақ» картинасын өз көзіммен көрдім. Картинада бір бала эйнектен сыртқа қарап отыр, терезенің ар жағында балалар ойнап жүр. Әке-шешесі ойнауға жібермей қойған баланың суреті ғой деп топшылайтынмын өзім (күлді). Бірақ неге екенін, сол суретке қараған сайын «мен суретші бола алмаймын» деп мысым



қатты басылатын. «Бұлай салу қайда?» деген сенімсіздік бойымды жаулап алатын. Алайда көрмедегі суреттерді көргенде бәріміздің шығармашылық шабытымыз шарықтап кетті. Күнделікті көріп жүрген ұстаздарымыздың өзі суретке шалқайып, қырынан, бөлекшелеу тұрып қарағанда таңқалдым. Нағыз суретшілік деген осы екен ғой деп ойлады. Талай жыл тамсанып жүрген суретті бірінші рет қорықпастан, асықпай зерттедім. Біздің оқып жүрген, қолданып жүрген әдістерімізбен-ақ салынған секілді. Жақсылап кіріссем, бізге де осылай салуға болады екен ғой деген ой сонда алғаш рет келді. Байқасам, картинаның бір ұшы ажырап, кішкене сынып тұр екен. Оны көріп, «бұны салған суретші де өзіміз секілді адам екен ғой» деген ой келген (күліп). «Мен мұғалім емес, суретші боламын!» дедім сол жерде. Егер ұстаздарымыз бізді көрмеге апарып, көкжиегімізді ашпағанда бәлкім мақсатым биіктемей, бір орында қалып кетер ме едім. Менің бағымды ашқан сол бір картина секілді сезінемін әлі...

– **Қазақ қолөнерінің болашағын қалай бағалайсыз?**

«Шеврон» компаниясы Қазақстан қолөнершілер одағына үлкен қолдау көрсетеді. Шеберлік байқауында жеңімпаз болғандарды көптеген шет мемлекеттерге апарды. Соның арқасында Үндістан, Америка, Қытай, Вьетнам, Кувейт, Непал, Түркия, Түркімения секілді елдерге барып, тәжірибе алмасып, ұлттық өнерімізді дамытып қайттық. Көре-көре көсем боласың демекші, осы елдердің мәдениетімен танысу арқылы қаншама дүниелерді түйдік. Басқа ұлттарды зерттей келе біздің ата-бабамыздың төл өнері ешқандай ұлттан асып түспесе кем түспейтініне көз жеткіздік. Өйткені біздің дәстүріміз төрт түлік малмен бірге

астасып жатыр. Қолөнердің даму сатысы да осы төрт түлікпен байланысты екенін көп адам аңғара бермейді. Ата-бабамыз тұрмысқа қажет заттардың бәрін өздері, қолдан жасаған. Ол дегеніміз әрқайсымыздың қанымызда шеберлік бар деген сөз. Бұнымен біз қалай мақтансақ та жарасады.

Өкінішке қарай, қолөнершілерді мемлекеттік қолдау жеткілікті деңгейде емес. «Пәлен жерде түген деген көрме өтеді, сол жерге заттарыңмен бірге келіп тұрыңдар» деген дәрежеден аса алмай жүрміз. Ал біз аралаған елдердің біразында шеберлер салықтан босатылған. Ұлттық дүниеге қызмет еткені үшін ғана сондай құрмет көрсетіледі. Бізде олай етпек түгілі шеберден пайда тапқысы келеді. Мына тұрған көршілес Өзбекстан егемендігін алған күннен бастап қолөнершілерін ерекше қолдап келеді. Өзбектер 20 қаласынан 20 шеберге үй соғып беріп жатыр. Егер ұлттық қолөнерді мемлекеттік деңгейде қорғайтын болсақ, тіліміз, дәстүріміз бірге өркендейтіні күмәнсіз. Қолөнерді қолдасақ, жастар арасында жұмыссыздықты да азайтуға болады. Қолөнер дамыса туризм дамиды. Қолөнер дамыса арзан қоспалы, синтетикалық киімдер емес, табиғи таза материалды дүниелер көбейеді. Жалпы қолөнершілер қауымы мемлекеттің балағына жармаспай, өзінің отбасын өзі асырап отырған адамдар. Әлем елдерін аралап жүріп түсінгенім жер бетіндегі халықтың бәрі өзінің түпкі негізін, ұлттық құндылықтарын дамыту арқылы туризм, экономика, дәстүрін жаңғыртуда. Басқа жол жоқ. Бұл бізге де қатысты, айналып өтпейтін дүние.

– **Әңгімеңізге рақмет!**

*Сұхбаттасқан
Аяулым Тастанбек.*





«First Robotics» робототехникасы

*ТҮРҒАНБЕК Назгүл Орынбасарқызы,
«Білім беруді дамыту орталығы» КММ-нің робототехника әдіскері.
Түркістан қаласы.*

«Робот» сөзі алғаш рет чех авторы Карел Чапканың пьесасында кездесті. Пьесада фабрика жұмысының ешқандай адамның қатысуынсыз өздігінен жұмыс істейтіні туралы сөз қозғайды. Бұл қойылым 1920 жылы жарық көрген. «Робот» сөзі чех тілінде «ауыр жұмыс», «каторга» деген мағынаға ие екен. 1927 жылы Нью-Йорк қаласында америкалық инженер Джон Уэкли дүниежүзілік көрмеде өзі құрастырып шыққан алғашқы роботты көрсеткен.

Дәл қазіргі уақыт робототехниканың дамыған кезеңі. Робототехника экономиканы көтеруші салаға да айналып келеді. Себебі, барлық салада жаңаша көзқарас қалыптасып, тиімді технология қолданысқа ие екені белгілі. Бүгінде дамыған мемлекеттерде адам жасайтын жұмыстарды роботтардың атқарып жатқанына көз де үйренді.

Робототехниканың ерекшелігі жобалауға және өндіруге қажетті әртүрлі пәндерді шоғырландырады. Осылайша ол инженерияның, электрониканың, физиканың, математиканың, механиканың және басқа да осыған ұқсас білім салаларының

білімдерін біріктіреді.

Робототехниканың міндеті функционалды роботтың әртүрлі аспектілерін дамыту: оның дербестігі мен интеллектісі, қарсыласуы мен жұмыс қабілеттілігі, бағдарламалау және басқару механизмдері.

Робототехниканың пайдасы бала санасын дамытып, ой-өрісін тереңдетіп, жетілдіру мақсатында робот техникасын оқыту арқылы оқушылардың қызығушылығы мен ынтасын оятатын қызықты және тәжірибелік жаттығуларды ұсына алатын оқу құралы ретінде танылады.

Оқушылардың робот техникасы саласында білім мен тәжірибелік дағдыларын меңгеруі қазіргі уақытта адамның жалпы ақпараттық мәдениетін, сондай-ақ инженерлік-техникалық шеберлігін одан әрі жетілдірудің негізі болып табылады.

Елімізде орта білім беру ұйымдарында робототехника бойынша арнайы үйірмелер жұмыс жасап, элективті курс ретінде жүргізілуде, одан бөлек АКТ және информатика пәнінің оқу бағдарламасы бойынша робототехникаға арнайы



сағат бөлініп оқытылуда. Робототехника негізгі пән ретінде оқу бағдарламасында қарастырылмаған. Робот техникасын үйрету НЗМ, Білім Инновация және мамандандырылған мектептерде дамыған. Алайда соған қарамастан ауылдық жердегі орта білім беру ұйымдарының оқушылары да робототехника бойынша оқу процесіне қатысып, робот моделін құрып, жобалау және бағдарламалауды үйреніп, робототехникадан түрлі байқауларға қатысуда.

Облыс оқушыларының робототехникаға деген қызығушылығын ашып, түрлі дағдыларын дамытып, байқауларға қатысып орын алуында педагогтарымыздың үлесі зор. Облыс педагог-тарымен жыл бойы жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Облыстағы ұйымдастырылған байқауларда орын алған жеңімпаздардың тәжірибесімен бөлісу мақсатында басқа ауыл мектептерінің педагог-тарына арнайы дөңгелек үстел, оқыту-семинарлары, шебер сыныптар ұйымдастырылады.



Біздің республикамызда мұғалімдер арасында робототехникадан байқаулар жоқ екені белгілі. Педагогтар арасында робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялардың тетігін «ROBOTUR» байқауымен ұштастырамыз. Біздің орталық 2019 жылдан бері дәстүрлі түрде ғылыми қызметкерлері күніне орай «ROBOTUR» облыстық мұғалімдер арасында байқау ұйымдастырады.

Байқау әр жыл сайын сәуір айында Түркістан қаласында өтеді. Түркістан облысының 17 қалалық, аудандық білім бөлімдері және 13 облыстық мамандандырылған мектеп-интернаттарынан ережеге сәйкес тұрақты түрде 18 құрама команда қатыстырылады. Жалпы байқаудың мақсаты: Облыстағы робототехника мұғалімдерінің шығармашылық және кәсіби өсуін ынталандыру, озық тәжірибелерін жинақтау және тарату. Білім беру кеңістігін әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру.

Байқау санаттары жылда жаңарып, арнайы ереже бекітіліп, ұйымдастырылады. Байқаудың негізінде көрме ұйымдастырылып, педагогтардың дамуына, кәсіби өсуіне, тәжірибе алмасуына және жаңа идеялардың туындауына ықпал етіп келеді.

Робототехника оқушыларға XXI ғасыр технологиясын көрсетеді, оқушылардың коммуникациялық белсенділігін көтереді, оқуға деген ынтасын арттырады, шығармашылық қабілеті дамиды және ой-өрісі кеңейеді. Сондықтан да білім беру ұйымдарында робототехниканы оқытудың маңызы зор деп ойлаймын.



ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА ТІЛДІК

ҚАТЫНАС ЖАСАУ МӘСЕЛЕСІНЕ БЕРІЛЕТІН БАСЫМДЫЛЫҚ



НАСИРОВА Майра Толгеновна,
Абай атындағы жалпы білім беретін мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сауран ауданы.

Оқу материалдарын оқушының жас ерекшеліктеріне орай таңдау олардың мұны толық игерулеріне септігін тигізетіні анық. Ғылым мен техниканың, педагогикалық инновация мен технологияның соңғы жетістіктерін оқушыларға саралап беру мұғалімнің шеберлігін көрсетеді. Танымдық тақырыптағы материалдар көбірек орындалса, білімнің де құндылығы арта түсер еді. Оқушыларды қазақ халқының рухани байлығы мен заманауи біліммен қаруландыру – ұстаздың айнымас мақсаты. Тәрбиелік қуаты берік білім халықтың болашақ даму бағытын өзі айқындауына жол ашады. Ал өзге ұлт балаларына бұл мемлекеттік тілдің оқытылу сапасы мен оның ұйымдастырылуының түпкі нәтижеге сәйкестік деңгейіне тікелей қатысты. Бұл тілге ұлттық ділдің бірден-бір тетігі, тірегі, тіні деп қарауды қажет етеді. Оның үстіне тіл – таным құралы, тіл арқылы адам дүниені танып біледі, барлық білімді сол арқылы игереді. Жалпы білім беретін мектептің басты мақсаты – дара тұлғаның дамуына мүмкіндік жасау болса, сол тұлғаның басты көрсеткіші – сөйлеу әрекетін еркін меңгеруі, өз ойын ашық айта алуы ғана емес, сонымен қатар, оның өзіндік сөйлеу стилінің қалыптасуы.

Қазіргі қазақ тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне басымдылық берілуі – тілдің адам болмысы мен бірлігіне сүйеніп жасалған жаңа қадам. Оқытудың дәстүрлі өнімсіз стилін ығыстыру және оқушылардың танымдық белсенділігі мен өзіндік ойлауын қамтамасыз ететін жаңа дамытушы, сындарлы білім беру үлгісіне көшу әлемдік білім берудің стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Сонау ХХ ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов: «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен. Сондықтан, қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын, қазіргі қолданып жүрген пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту мақсатына жетудің бірден-бір жолы.

Аталмыш әдістеме жеңілдігінің басты белгілерінің бірі қамтылатын сөздік қордың шектеулі саны екені сөз болғанда, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясының мамандары мен Назарбаев Зияткерлік мектебінің мұғалімдері қазақ тілін оқытудың жаңа әдістемесі туралы айтқаны тілге оралады. Мамандардың айтуынша, кейбір елдерде (мысалы,

ағылшындарда, финдерде) өз халқының тілін өздеріне және басқа ұлттарға 4-6 ай ішінде үйрететін тиімді әдістемелер бар. Сондықтан шетелдік озық әдістемелер негізінде қазақ тілін жедел меңгерудің әдістемесі жасалмақшы. Қазақ тілін тиімді үйрететін әдістемеге сәйкес, жалпы білім беретін ұйымдар үшін «Қазақ тілінің жиілік сөздігі» әзірленіпті.

Оқыту сапасын арттыру үшін орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілі сағаттарын көбейту қажеттігі зор. Иә, бұған дейін де орыстілділерге қазақ тілін үйрету сапасын арттыру амалдары жасалды, алайда нәтижесі бола қоймады. Бұл жолғы талпыныс өзгереді, салмақтырақ көрінеді.

Уақыт шапшаң сырғып өтіп жатқанымен, өзге ұлттарға қазақ тілін оқыту әдістемесін жаңғыртуға асықпадық. Енді-енді қолға алып, кіріскен болып жатырмыз. Келешекте жүзеге асатын бір типті мектептер шәкірттерді үш тілде оқытуды қолға алып, бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің өрістеуіне мүмкіндік бермекші.

Шетелдің озық әдістемесіне сүйену қажет дегенде, тіл үйретудің өзіндік тиімді тәжірибесімен әлем назарына іліккен ресейлік филолог Александр Драгункинді айтпай кетуге болмас. Ол ағылшын және қытай тілін меңгерудің озық әдістемелерін зерттеген ғалым ретінде белгілі. Оның оқулықтары бүгінде әлемнің 28 мемлекетінде қолданылады.

«Кез келген тілді жүйелендіре аламын» дейтін А.Драгункин ағылшын тілінің жаңа грамматикасын ойлап тапқанын мақтан тұтады. Аталмыш әдіскердің ағылшын тілін үйрету кітабы 1998 жылы жарық көрген.

Оның айтуынша, бұған дейін жазылған ағылшын тілін үйрету кітаптары мен өз кітабының айырмасы жер мен көктей. Бүгінгі таңда ағылшын тілін үйрету нарығындағы кітаптардың барлығы Драгункин жасаған әдістеме негізінде жазылған. Атақты әдіскер ғалымның сөзіне сенсек, әдістемесі әмбебап, кез келген тілді оқыта беруге болады.

Осынау тіл үйрету дарабозы әйгілі әріптесі әрі жерлесі Петровтың оқулығын әлсіз деп санайды. Әйтсе де бір нәрсе анық: орыстілді отандастарымыздың қазақ тілін үйренуіне екеуінің де әмбебап тәжірибесі үлгі боларына сөз жоқ. Тек соны негізге ала отырып, отандық тіл мамандары оңтайлы әдістеме жасаса, ал қазақ тілі мұғалімдері пәнді оқыту жауапкершілігін терең сезініп, шеберлік танытса екен дейсің.

ЖАҢА ҰРПАҚҚА ЖАҢА ҚАТЫНАС КЕРЕК

*НҰРЖАНОВА Раушан Мергеновна,
Сұлтан Ысқақов атындағы негізгі орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Ордабасы ауданы.*

Биыл қыркүйектен бастап 2023-2025 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру басталды. Бұл бағдарлама орта білім беру ұяларында қолға алынып, жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде өскелең ұрпақты тәрбиелеу сапасын арттыруға бағытталған.

Бес миллион білім алушы мен ата-аналарды қоса қамтитын жоба аясында алғашқы іс-шаралар легі басталып та кетті. Түркістан облысы, Ордабасы ауданы Сұлтан Ысқақов атындағы негізгі орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына арналған ұлттық, адами құндылықтарға бағытталған тәрбие жұмысының жоспары да осыған сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасына негізделген». Тәрбие бағдарламасының мақсаты жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбеккер, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу болып табылады.

Аталмыш бағдарламаның ұлттық мүдде, ар-ұят, талап сынды ұлттық құндылықтарға негізделген қалыбы көңілден шығады. Өйткені, білім беру саласында жинақтаған сан жылдық тәжірибемізге сүйене отырып айтарымыз, ұрпақ тәрбиесінде ұлттық құндылықтан асқан негіз жоқ. Ұлттық мүдде құндылығы қашан да патриотизмді, мемлекеттік рәміздерді қадірлеуді, ел тарихын құрметтеуді, ұлттық мәдениетті дәріптеуді көздейді. Ал, ар-ұят құндылығы – ар-ұят, адалдықты, ата-анаға сүйіспеншілікпен қарауды, достарын, сыныптастарын сыйлауды, «кішіге – ізет, үлкенге – құрмет көрсетуді» көздейді. Талап құндылығы – салауатты өмір салтын ұстануды, қоршаған орта тазалығын сақтауды көздейді.

Осы мақсатта 3 «а» сынып оқушыларының ата-аналарымен үштік одақ: ата-ана, ұстаз, оқушы арасындағы қатым-қатынасты жақсарту мақсатында «Отбасы – тәрбие ұясы!» тақырыбында коучинг сабақ өттім. Сабақтың мақсаты әрбір баланың бойына

құндылыққа толы тәрбиені қалыптастыра отырып, нағыз отансүйгіш патриотты тұлғаны қалыптастыру. Біз тәрбие жұмысының рөлін күшейтуге бағдарлама аясында барынша көңіл бөлудеміз. Сондықтан бұл жұмыста ата-аналардың қолдауы өте маңызды.

Расында тәрбие беру саласында жауапкершілікті ата-ана мен мұғалім бір-біріне сілтемей, бір қолдың саласындай, бір жеңнің жағасындай қызмет етсе, нәтиже де мол.

Шын мәнінде, тәрбие – ізгі дүниенің бастауы. Отбасында ұлттық тәрбиенің қайнарына қанып өскен баланың болашағы да зор. Оған көптеген мысал келтіруге болады. Одан кейін мектептегі тәрбиенің орны бөлек.

Қазақ қоғамындағы отбасылық құндылықтардың өлшемі «ұят болады», «жаман болады», «обал болады» деген адамгершілік кодекс болған. Осы ұстанымнан ауытқымай, арлы, намысты, рухы биік ұрпақ тәрбиелеген. Аталы сөзге тоқтап, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсеткен. Қазақтың ұлттық құндылығынан, ұлттық тәрбиесінен артық не керек?

Министрліктің бастамасымен жүзеге асып жатқан бұл ауқымды шараны, яғни, «Мұғалім – бала – ата-ана» үштігі арасындағы байланысты науқандық сипатта деуге болмайды. Бұған дейінгі мектептердегі ата-аналар жиналысының, апталықтардың формасы моральдық тұрғыдан көнерген. Ал, жаңа заман ұрпағына жаңа форматтағы шынайы қатынас керек. Мағжан Жұмабаевтың: «Тәрбиедегі мақсат – баланы тәрбиешінің дәл өзіндей етіп шығару емес, келешек өз заманына лайық қылып шығару» деп айтуы бала тәрбиесіндегі ата-ана, мектеп, қоғам алдында үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын дәлелдейді. «Мұғалім – бала – ата-ана» үштігі арасындағы байланысты жақсарту үшін баланы шынайы жақсы көріп, болашағына алаңдап, оны тыңдап, сөйлесіп, зерттеуден жалықпау керек. Біртұтас тәрбие бағдарламасы, міне, осы мақсатты көздей отырып жүзеге асырушы жаңа жоба!



АУЫЛ МҰҒАЛІМІ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ҚОЛЫНАН МАРАПАТ АЛДЫ

*САЛИМОВА Роза Қуанғалиқызы,
«Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы»,
С.Әбдіжаппаров атындағы жалпы орта мектеп-интернатының
орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы.*



– Роза Қуанғалиқызы, жуырда республикалық мұғалімдер съезіне барып, президент Қ.Ж.Тоқаевтың қолынан марапат алдыңыз. Тәуелсіз ел тарихында тұңғыш ұйымдастырылған съезге қатысудың өзі үлкен мәртебе. Бұл сізге ұстаз ретінде қандай серпіліс сыйлады? Алған әсеріңізбен бөліссеңіз...

– Съезде мемлекет басшысы білім саласындағы әлі де шешімін табу керек көптеген мәселелерді баса айтып өткені көңілімнен шықты. Себебі нақты мәселені анықтау арқылы оның шешімін табуға болады. Соның ішінде ауыл мектептері мен қала мектептерін теңестіру туралы тапсырмасы ерекше қуантты. Атап айтқанда, шалғайдағы мектептерді жоғары интернетпен қамтамасыз ету, мұғалімдерді цифрлық құралдарды қолдана білуге үйрету, компьютер сыныптарындағы техникалық құралдардың шаң басып музей экспонатындай тұрмай, оқушылардың игілігіне қолдану секілді тапсырмалары өте өзекті. Ауылды жерде интернет сапасының жеткіліксіздігі бәрімізге аян. Мұнан өзге мектептегі әлімжеттік, қауіпсіздік талаптары, мұғалімдердің біліктілігін арттыру сынды мәселелерге тоқталып, оларды шешудің 7 бағытын айқындап берді. Бұл бастамасы біз секілді алыс ауыл мектептерінің жарқын болашағына жол ашып беретіндей.

«Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз» деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев. Ұрпақ болмысын қалыптастыруда аянбай тер төгіп жүрген қарапайым ұстаздардың жағдайына мән беру жаңа белестерді бағындыруға жылдам жетелейтініне сенімдімін.

– Ұстаздық жолға қалай келдіңіз?

– Менің осы салада қызмет еткеніме биыл 30 жыл толыпты. Қиыны мен қызығы бірге жүретін бұл мамандықты таңдағаным еш өкінген емеспін. Өзіме жүктелген ұрпақ тәрбиелеудегі үлкен жауапкершілікті жан-тәніммен сезінемін. Ұстаздық жолға түсуге нағашы атам себепкер болды. Ол кісі «Ұлы Отан соғысында «Ерең Еңбегі үшін» медалімен марапатталған ардагер, «Еңбек Қызыл ту Орденінің» иегері. Соғыстан кейінгі кезеңде балалар үйінің меңгерушісі, Крупская атындағы қазақ-орыс мектебінің директоры, орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып қызмет еткен. Атамның еңбексүйгіштігі, өз ісіне деген адалдығы менің мұғалім болуға қызығушылығымды оятты. Мектеп бітірген соң Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қаласындағы ОҚПУ-дың филология кафедрасының орыс тілі және әдебиеті факультетіне оқуға түстім. Студенттік жылдары

тек сабақ оқып қоймай, түрлі шараларда белсенді болдым. Жоғары оқу орнын үздік дипломмен бітірдім. Еңбек жолын Бәйдібек ауданындағы Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастадым. Ұстаз болу бала күннен бергі асыл арманым болғандықтан жаңа ортаға тез сіңісіп кетуге барымды салдым. Әр сабаққа жіті дайындалып, балаларға білім беріп қана қоймай, тәлім-тәрбие беру, өмірге икемдеу, адалдыққа баулу, адамгершілік қасиеттерді бойына дарытуға тырыстым. Әлі күнге дейін осы ұстанымнан айныған емеспін. Олармен сырласу, мерекелік шаралар ұйымдастыру, көңілді кезеңдерін бірге бөлісу арқылы жан-дүниесін ұғынғым келетін. Балаларға ұрысып, жекіп, кейімей-ақ, бір сәтке өзіңді бала сезініп отырып-ақ шәкірт жүрегінен орын алуға болады. «Ұстаз болу – өз уақытыңды аямай, өзгенің бақытын аялау» деп Мұхтар Әуезов айтқандай, уақытпен санаспай балалардың болашағы үшін аянбай жұмыс жасасаң, еңбегіңнің еш кетпейтінін түсіндім.

– Орыс тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда қандай жаңа әдіс-тәсілдерге сүйенесіз? Білім берудің бүгінгі кездегі артықшылықтары мен кемшіліктерін аңғарасыз ба?

– Заман талабы мұғалімдерге жаңа жауапкершіліктерді жүктеп отырғаны белгілі. Оны әр мұғалім түйсініп, ізденіс жолдарын тереңдету керек деп білемін. Білім берудегі заманауи технологиялар, инновациялық шешімдер тақырыпты қызықты әрі тиімді етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда сабақ өту барысында қолданатын озық педагогикалық әдістер түрлері жеткілікті. Мен соның ішінде сын тұрғысынан ойлау, модульдік технологиясын, проблемалық оқытуды жиірек пайдаланамын. Бұл технологиялар ақпарат пен ойлауды біріктіреді деп есептеймін. Оқушыны пәнге қызықтыруда цифрлық технологиялардың артықшылықтарын айтпай кетуге болмайды.

Бүгінгі білім беру саласындағы реформалардың артықшылықтарына тоқталсам, ең алдымен білім алушының өз ойын еркін жеткізуіне толық мүмкіндік береді. Оқыту процесінің белсенді формада өтуіне жағдай жасап, бала топта не жеке дара жұмыс жасауға бейімделеді. Оқушыларға өзіндік және қоғамдағы құндылықтарға баға беруді үйретеді, олардың өз бетінше шешім қабылдай білу дағдысы қалыптасады. Сабақ барысындағы тапсырмалардың шешімін бірлесіп, не өздігінен табуға үйретеді.

Ал тиімсіз тұстары деп оқулықтағы кейбір олқылықтарды, мәселен грамматикалық қателердің көптігін айтар

едім. Оқулықтағы тапсырманың аздығы, грамматиканы меңгеруге байланысты мәліметтің жетіспеушілігі. Өйткені өзге тілді үйренетін балаға ең алдымен осы екі нәрсеге көбірек уақыт арнау керек. Мұның салдары жазылым барысындағы оқушы тарапынан жіберілетін көптеген грамматикалық қателерге соқтырып жатыр. Ауыл мектептерін цифрландыру жұмысы өте баяу жүргізіліп жатқаны, интернет жұмысының сапасыздығы да пәннің өз деңгейінде өтуіне көп кедергі келтіреді.

– **Ұстаз ретінде қандай ұстанымдарыңыз бар?**

– Әрбір ұстаз білім беруде мемлекет міндеттеген талаптан өзге де ортақ мүдде үшін жұмыс жасайды. Ұстаздық жолдың ауырлығы да мүмкін ерекшелігі де осы дер едім. Талап пен тапсырма бір болғанмен, оның шешімін педагог өзінше таңдайды деп ойлаймын. Алдына келген әр баланың болмысына үңіліп, соған сәйкес білім нәрін егу үлкен еңбекті талап етеді. Өзім үшін сабақ барысында теория мен практиканың бірізділігін, жүйелілігін, беріктігін, байланысын сақтау маңызды. Әрине бұл үшін оқушы мен ұстаз тарапынан көптеген әрекеттер орындалуы керек. Ең алдымен сөздік

қорды молайту, сол арқылы ақпаратты түсіну, ойын еркін жеткізу, қағазға түсіру сауаттылықты арттыру т.б. Бұл орайда мұғалімнің алдында оқушыны түсіну, ерекше қасиетін айқындау, қызығушылығын арттыру, марапаттау, мақтау, жақсы көру сияқты тапсырмалар қатар атқарылады. Әрине, өз ісін жақсы көретін, алдындағы міндетін жете түсінетін педагог үшін бұл қиын емес деген ойдамын.

Менің орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі ретіндегі ең басты ұстанымым оқушының сөздік қорының көбеюіне мән беру. Ауыл мектептерінде біздің пән бойынша бұл проблема қашанда өзекті. Ауылды жерде күнделікті байланыс тек қазақ тілінде болғандықтан, өзге тілде сөздік қорын молайту өте маңызды. Сондықтан бұл мәселені назардан тыс қалдырмаймын.

- **Әңгімеңізге рақмет! Ұстаздық жолда тек жетістіктер тілейміз!**

**Сұқбаттасқан
А.Қалшабекқызы.**



• **Жетістіктер мінбері**

- 2023 жылы Республикалық педагогтер съезінде президент Қ.Ж.Тоқаевтың қолынан «Қазақстанның еңбек сіңірген ұстазы» атағын алды.
- 2020 жылы Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесін дамытуға және білім беру сапасын арттыруға қосқан үлесі үшін Білім және Ғылым министрі А.Аймағамбетовтың «Құрмет» грамотасымен марапатталды;
- 2021 жылы Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Р.Қ.Жолаевтың «Құрмет» грамотасымен, басшы орынбасары А.Садықованың Алғыс хатымен марапатталды;
- 2017-2018 жылы оқушысы Бақытжанұлы Бибарыс Кіші Ғылым Академиясының облыстық сырттай байқауына орыс тілі секциясы бойынша қатысып, I дәрежелі дипломға ие болды;
- 2021-2022 жылы 6-сынып оқушысы Самат Кәусар жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Олимпиаданың аудандық кезеңінің жеңімпазы болып, II дәрежелі дипломмен марапатталды.
- 2021-2022 жылы 9-сынып оқушысы Мұратбек Рамазан жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпазы болып, II дәрежелі дипломымен марапатталды;
- 2021 жылы «Тәуелсіз Қазақстанның Құрметті педагогі» төсбелгісімен марапатталды;
- 2022-2023 жылы аудан әкімі Е.Шәріпбековтің жас ұрпақтың ұлттық рухын көтеру мен отансүйгіштікке баулуға жоғары жауапкершілікпен оқу тәрбие жұмысына ерекше үлес қосқаны үшін «Құрмет» грамотасымен марапатталды.
- 2022-2023 жылы 5-сынып оқушысы Қуатбек Кәусар жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Олимпиаданың аудандық кезеңінен I дәрежелі дипломмен, ал облыстық кезеңде жеңімпаз болып II орынды иеленді. Авторлық бағдарламасы бар, іс-тәжірибесі облыс бойынша ұсынылған.



МЕН — БАЛАҢ, ЖАРЫҚ КҮНДЕ СӘУЛЕ ҚУҒАН

ХАСЕНОВА Замзагул Кузтаевна,
№16 жалпы білім беретін мектебінің
қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші.
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы.

*Ана тілі – қайнаған қанның, қиналған жанның,
толғантқан көңілдің, лүпілдеген жүректің
сығындысы, онда дәм де, мән де болу керек.*

Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Өмірі

Абайдан кейінгі қазақтың жазба әдебиетінде әр жанрда еңбек етіп, ерекше көзге түскен көрнекті ақындардың бірі Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Ол 1893 жылдың 28 қазанында Омбы уезінің Шарғай болысына қарасты Қарауыл Шабар ауылында (қазіргі Ақмола облысы Қызылту ауданы) туған. Оның әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) атанған кедей, момын шаруа адамы болған. Шоқпыт кедейліктің тақсиретін көп тартып, Қарауыл еліндегі бай жездесін паналап, малын баққан. Сонда үйленген. Байқоңыр, Сұлтанмахмұт деген балалары болған. Сұлтанмахмұт екі жасында шешеден айрылып, жетімдік көріп өседі. Әкесі Шоқпыт әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Сұлтанмахмұттың балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда әкесінен арабша хат таныған Сұлтанмахмұт Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларынан оқиды. Мұқан молда Сұлтанмахмұттың ақындық талантын байқап, қолдап, қуағтайды.

1908 жылы Баянауылдағы Әбдірахман молданың медресесіне түседі. Бірақ оны бітірмей кетіп қалады. Өз үйінде жатып оқыған баланы молда малай орнына жұмсайды, оның үстіне, қатал ұстап, әртүрлі сылтаулармен ұрып-соғатын болады. Молданың надандығын, қаталдығын айтып Сұлтанмахмұт сықақ өлеңдер шығарады. 1911 жылы Сұлтанмахмұт бір қыс бойы Нұрғали деген мұғалімнен сабақ алады. Ол жаңаша оқыған адам екен, оқушыларын пән негіздерімен таныстырып, олардың білімге деген ынтасын ұштайды. Нұрғалидың көмегімен Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шыққан көркем әдебиет кітаптары мен газет-журналдарды оқуға дағдыланады.

Білім жолында

Осы мақсатпен Сұлтанмахмұт 1912 жылы Тройцк қаласына барады. Ахун Рақманқұли деген татардың медресесіне түседі. Бірақ Сұлтанмахмұт мұнда да ұзақ оқи алмайды. Тұрарға үй таппай әрі қаражаты болмай көп қиыншылық көрген ол өкпе ауруына шалдығады. Медреседе қыс бойы ғана оқып, жазғытұрым Тройцк маңындағы бір ауылға бала оқытуға кетеді. Ондағы ойы-бала оқыта жүріп, денсаулығын көтеріп, қаражат жинап алып, қайта оқу іздеу болды. Бос кезінде өзі ізденіп өлеңдер жазды. Сұлтанмахмұттың бұл кезде жазған

өлеңдерінен оқу-білімге деген құмарлық айқын байқалады. Жас ақын халықтың қараңғылықтағы күйден шығуы үшін өнер-білімнің қажет екенін айтады. Өзінің бұл тақырыптағы өлеңдерін Сұлтанмахмұт қазақ жастарына арнайды. «Оқып жүрген жастарға» өлеңінде ол жас адамның оқуға деген ынтасы мен келешекке сенімін бейнелейді. Осы идеяны ақын «Оқуда мақсат не?» деген өлеңінде тереңдете қарап: «Оқудың мақсаты – молда болып ескілікті бағу емес, әкім болып шен тағу емес, өнер табу, халыққа пайдалы іс істеу» дейді. Өз замандастарын өнер, білім алуға шақырады. Сұлтанмахмұттың бұл тұста жазған өлеңдерінде ізденіс, ұмтылыс сарыны күшті. Осыдан бастап ақын өлеңдерінің лирикалық кейіпкерінде шарқ ұрып іздену байқалады.

Сұлтанмахмұт – тым ерте оянған және халық мұңын ерте түсініп жырлаған ақын.

Практикалық тәжірибе

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өмірбаяны мен шығармаларын оқытуда сабақ барысында оқушылар ақын-жазушы туралы пікір, түйінді ой айтады; Даналық ойдан дән ізде – даналық ой, сөз сарасы, ой толғайды; Бағалы дерек, қызықты, танымдық мәліметтерді қолданып жазбаша жұмыстарды орындайды. Ақын өмірдегі басты мақсат – өнер-білім үйрену, халыққа пайдалы болу деген өршіл ойын «Шәкірт ойы» деген өлеңінде тереңдете түседі. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңін өткен кезде шығарманы кейіпкерлерге талдау барысында туындыда суреттелетін байдың бейнесін сатиралық образ ретінде талдауға болады.

Бір үйде жиюлы екен қазына мал,
Көрсетті бәрін бізге ақсақал шал:
«Бұрынғы атамызға сыйға берген,
Біздерде мынадай бар, мынадай бар!...»
Ол рас, аталарың шенге алыпты,
Арзан қып, қымбат емес, кемге алыпты,
Апыр-ай, қалай бұлдаған сатқандарын,
Оқа, түйме, сылдырмақ, тенге алыпты!

С.Торайғыров «Бір адамға» өлеңінде ел ішінде масаттанған бір адамның басқаларға істеген қиянатын, озбырлығы мен жиркенішті қылықтарын, біреудің еңбегін жеп байыған жемқорлығын батыл суреттей отырып, байдың іс-әрекетін мысқыл күлкі ете отырып оның бейнесін шебер жасайды. Өлең ащы мысқыл, зілді кекесінге құрылып, сол кездегі заман шындығын бүкпесіз ашық береді.

Өлең сөзбен жазылған шығармалардың ішінде мысал жанрын оқыту да, талдату да лирикалық шығармаларға қарағанда жеңілрек. Өйткені мысал жанры нақты

сюжетке құрылады. Ал лирикалық шығармада ақын өз ойын, өз сезімін, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізеді. Лирика өмірдің алуан түрлі құбылыстарына ақынның көзқарасын, күйініш-сүйініш сезімін, толғаныс тебіренісін көрсетеді. Лириканы талдау оқырманды өнерді эмоциялық-эстетикалық жағынан түсінуге баулиды. Лириканы оқытуда мына мәселелерді ескеремін:

- алдымен лириканы оқытуда эмоциялық, логикалық бірлікті сақтау;
- оқушының лирикалық шығармаға деген көзқарасы болу;
- өлеңнің әрбір бөліктерін өзара тұтастыру керек, сол арқылы ақынның айтайын деген ойының анықталуы;
- лирика мен ақынның бірлігі танылуы шарт.

Лириканы терең түсіну үшін қайталап оқу, мәнерлеп оқытудың мәні үлкен роль атқарады. Өлең сөз кестесін, өлең сөздің суреттілігін, бейнелілік сипат-қасиетін әңгіме еткенде, ауыспалы мағына туғызатын бейнелі

сөздер сырына терең үңілу қажет.

Қорытындылай келе, Сұлтанмахмұт аз өмірінің ішінде (небәрі 27 жас жасаған) әлденеше лирикалық өлең, ондаған мақала, екі роман, 5-6 поэма жазып қалдырған, қазақ поэзиясы мен прозасын жаңа сатыға көтерген, Абайдан кейінгі суреткер, реалист ақын болып табылады.

Жүсіпбек Аймауытұлы: «Сұлтанмахмұт жас ақындардың ішіндегі ең бір күшті ақын еді. Өнер-білім сәулесін аңсап, құлаш ұрып, кедейлік, жоқшылық зарын шегіп, жауыз тұрмыспен жанталасып, алысып, жеңе алмай мерт болды. Тірі жүрсе, өзі айтқандай қараңғы қазақ көгіне өрмелеп шығып, күн болғандай, от-жалындай зулаған болат қайрат, құрыш жігердің, кекті жүректің ақыны еді».

САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ

БЕКТИЛЛАЕВА Айша Исахановна,
№3 жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы.



Бүгінгі таңда еліміздің білім беру жүйесінің ең басты міндеті – білім берудің ұлттық модуліне өту арқылы жас ұрпақтың білім деңгейін халықаралық дәрежеге жетелеу. Оқыту процесінің бірінші қызметі оқушыларға білім беру, екінші қызметі тәрбие беру, үшінші қызметі дамыту. Ал оқыту технологияларының бірі – деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы. Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасап, мүмкіндік береді. Деңгейлеп оқыту әр түрлі қабілетті балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында білім игерудің негізгі үш деңгейі қарастырылған: ең төменгі деңгей (базалық минималды), бағдарламалық, күрделенген деңгей. Соның ішіндегі базалық деңгей – мемлекеттік стандарт бойынша анықталған ең төменгі шек. Сондықтан оны әрбір оқушы меңгеруі тиіс. Бұл деңгей оқушыға өзінің қызығушылығы мен қабілетін ескере отырып, уақытымен күшін дұрыс пайдалуына мүмкіндік береді. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы 1998 оқу жылынан бастап мектептің барлық сатысына, барлық пәндерге еніп, оқу үрдісін жандандыруға үлкен үлес қосып келеді. Профессор Ж. Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы жаңаша өзгерген мақсатпен оқушылардың өздігінен танып, іздену іс-әрекеттерін

меңгеруді талап етеді. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және өз бетімен білім алуағы белсенділігіне аса назар аударылады. Саралап оқыту әрекеті – білім алуға бағытталған әрекет. Ол өз бетінше, әр мұғалімнің жетекшілігімен жүзеге асады. Бастауыш мектеп кезеңіндегі оқу әрекеті В. Давыдов, Л. Занков, Ш. Амонашвили, т.б. зерттеулерінде қарастырылады. Деңгейлеп оқыту технологиясының мақсаты: әрбір оқушы өзінің даму деңгейінде оқу материалын меңгергенін қамтамасыз етеді.

1) Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасауға мүмкіндік береді;

2) Деңгейлеп оқыту әр түрлі категориядағы балаларға, олармен саралап жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Міндеттері:

Ақпараттық және деңгейлеп оқыту технологиясының тиімді әдістерін пайдалану арқылы білімге деген қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау. Деңгейлеп оқыту технологиясын қолдану нәтижесінде дарынды оқушыларды анықтау және олармен жұмыс істеу.

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Ж.А. Қараевтың деңгейлеп оқыту педагогикалық технологиясының мақсаты – жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Саралап оқыту технологиясы, оқыту процесінің белгілі бөлігін қамтып, ұйымдастырудың шешімдері, оны оқыту құралдарының жиынтығы түрінде көрінеді. Сыныпты, топтарды оқытуға әртүрлі қолайлы жағдай туғызуды қажет етеді, әдістемелік педагогикалық-психологиялық және ұйымдастыру-басқару шаралары біріктіріледі.

Ж.Қараевтің деңгейлеп-саралап оқыту технологиясында төмендегідей 4 деңгей көрсетілген: Бірінші деңгей – «үйренушілік». (Репродуктивтік) Оқушылардың жаңа тақырыптан алған білімдерін бекіту үшін, еске түсіріп, қайталау үшін және алған білімдерін практикада қолдана білуге жаттықтырады. Берілген есептер мен тапсырмалар өмірмен, қоршаған ортамен байланыстырылған болуы керек. Мұнда оқушының қызығушылығына, таным бірлігіне назар аударылады.

Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға:

1. Жаттап алуға лайықты болуы керек.

2. Алдыңғы сабақта жаңадан меңгерілген білімнің өзін өзгертпей қайталап, пысықтауына мүмкіндік беруі тиіс.

3. Тапсырмалар жаңа тақырып үшін типті және өмірмен байланысты болуы керек.

Екінші деңгей – «алгоритмдік». Мұнда кері байланысқан функцияларды орындау үшін тексеру тапсырмалары, іріленген материалдарды жүйеге келтіруге, реттеуге арналған, мазмұны өзгертілген жағдайға тапсырмалар беріледі. Сонымен қатар ұлттық негізде құрылған, көбінесе танымдық және үйренушілік мәні бар тапсырмалар, мысалы, сөзтізбектер, ребустар, ойлауға арналған тапсырмалар беріледі.

Үшінші деңгей – «эвристикалық». Бұл деңгейде оқушылар тақырып бойынша меңгерген білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ой қорытуға арналған, дағды қалыптастыратын, әртүрлі әдіс-тәсілдермен орындалатын тапсырмалар орындайды. Оқушы өзі ізденіп, материалды саналы түрде меңгеруі керек.

1) Танымдық іздену (эвристикалық) түрдегі тапсырмаларды орындау барысында оқушылар жаңа тақырып бойынша меңгерген алғашқы қарапайым білімдерін жетілдіріп, тереңдетумен қатар, ол тағы да жаңа білімді меңгеріп, өзі үшін жаңалық ашуы тиіс.

2) Әртүрлі әдіс-тәсілдермен шешілетін тапсырмалар.

3) Өздігімен мысалдар, тапсырмалар құрастыру және оны өздігінен шешімін табу. Диаграмма, сызбалар салу, жергілікті жағдайда өлшеу жұмыстарын жүргізу, көрнекті құралдар дайындауға берілетін тапсырмалар.

Төртінші деңгей – «шығармашылық», Оқушы өзіндік шығармашылық деңгейін көрсетеді. Шығармашылық тапсырмалар оқушылардың білімділігі мен дағдысын қалыптастыру және оны бағалау деңгейі болады. Өз бетімен талдау жасау арқылы шығармашылық тұрғыдан зерттеу жұмысын жүргізуге баулу.

1) Оқушылардың жинаған өмірлік тәжірибесі мен белсенді ой еңбегінің нәтижесінде жаңаша, бұған

дейін болмаған, белгілі бір дәрежеде олардың жеке басының икемділігін байқататын дүние жасап шығуына негізделген.

2) Олимпиадалық тапсырмалар.

3) Берілген тақырыптарға өз бетінше реферат, баяндамалар, ғылыми жобалар дайындау.

Осылай бір деңгейден келесі деңгейге өту үшін өз білімін, білік пен дағдысын толықтырып отырады. Нәтижесінде жоғары деңгейлік тапсырмаларды орындау әр оқушының мақсатына айналады. Сабақ барысында барлық оқушылардың білім деңгейі анықталады. Бұл әдістің тағы бір тиімді жағы, оқушы өзінің білім деңгейін, нені оқу керектігін анықтап, өзінің ізденуіне болады. Өйткені ол білім сапасының дамуын қамтамасыз етеді. Білім сапасы білім, біліктілік, дағды және тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерімен бағаланады.

– Сабақта оқушыларға өз ойларын талдауға, айтуға, қорытындылауға көп көңіл бөлу қажет.

– Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқушыларға тиімділігі:

– Сынып оқушыларының барлығы деңгейлік тапсырма орындауы;

– Білім көрсеткішінің нақты және сапалы болуы;

– Оқушының өз білімін өзі бағалап, білім деңгейін дамыта алуы;

– Оқушылардың оқуға ынтасы мен мамандығына деген қызығушылығының артуы;

– Оқушының іздену дағдысының, ұстамдылығының қалыптасуы;

– Оқушы белсенділігінің оянуы;

– Алға қойған мақсатына жетуге дағдылануы, қиындықтарды жеңуге ұмтылуы;

– Оқушының өздігінен жұмыс істеуі мен жауапкер-шілігінің артуы;

– Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясының оқытушыларға тиімділігі;

– Деңгейлеп-саралап оқытуда білім игерудің үш деңгейінің қарастырылуы;

– Оқушылардың сабақ үстінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізуі;

– Білім дәрежесі бірдей топтарды тексеру ісінің жеңілдеуі;

– Оқушылардың жұмыстары әділ бағалануы;

– Оқушы мен оқытушының шығармашылық қызметін белсенді түрде дамытуы.

Бар дарынды оқушыларды анықтап, олармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігінің орнауы.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын жүргізу үшін оқулықтағы өтілген тақырыптарды қайталап, талдап, пысықтау жұмыстарын жүргізу керек. Оқулықтағы тапсырмаларға қосымша ретінде сөзжұмбақтар, ребустар, мәтін бойынша талдау жұмыстарын, жұптық және топтық жұмыстарды ұйымдастыру керек. Саралап оқыту технологиясының екінші жағы оқушылардың жұмыстарын балдық жүйемен өлшеу. Әр тапсырманы талдап, белгілі критерий бойынша балл берілу керек. Сол кезде оқушы өзінің білім деңгейін біле тұра, алға қарай ұмтылып, жаңа білімдерді игергісі келеді.

БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯСЫН САБАҚТА ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

*АСЕМОВА Баян Жасұзаққызы,
“Ұзын-Ата” жалпы білім беретін мектебінің бастауыш
сынып оқу ісінің меңгерушісі.
Түркістан облысы, Шардара ауданы.*



Қазіргі кезде мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа технологиялардың бірі – сын тұрғысынан ойлауды дамыту қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Осындай әдістеме негізінде жасөспірімдерге терең де тиянақты білім беруді өз тәжірибемде жиі қолданамын. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының басты ерекшеліктерін сабақтарымда қолданылу жолдарына тоқталмақмын.

Менің өз іс-тәжірибемде әдебиеттік оқу сабағынан өткізген *М.Дулатовтың «Қыс»* тақырыбында өткізген сабағыма тоқтала өтейін.

Сабағымды бастамас бұрын, оқушыларымның психологиялық жағынан көңіл-күйлерін қалыптастыру және олардың арасында достық қарым-қатынас орнату мақсатында түрлі көңіл көтеретін тренингтер қолдандым. Тренинг барысында көңілді әуен ойналып тұрды. «Құрдастар» тобындағы өзара қарым-қатынас оқуда маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Оқушылар жұпта немесе топтарда жұмыс істегенде, олар «мұғалім-оқушы» сұхбаты түріндегі өзара іс-қимылға қарағанда мейлінше «симметриялы» болып табылатын өзара іс-қимылға таратылады. Осылайша, негізділген дәлелдерді әзірлеуде және қадағаланатын оқиғаларды сипаттауда түрлі мүмкіндіктерге ие болды» деген Мерсердің ойын негізге ала отырып, оқушылардың ұйымшылдық қарым-қатынастарын жақсарту мақсатында топтарға бөлдім. Оқушыларды топқа әр түсті фишкалар арқылы бөлдім. Фишка түстес көрсеткіші бар партаға барып отырады.

Мен бұл сабақтарымды мынандай кезеңдерден құрдым:

Балалардың қызығушылықтарын ояту мақсатында сөзжұмбақ шешіліп, бүгінгі күннің тақырыбын оқушылар өздері анықтады.

1. «Болжау» стратегиясы
2. «Екі жақты күнделік» стратегиясы
3. «Топтастыру» стратегиясы
4. «Әдебиет үйірмесі»
5. «Бес жолды өлең» стратегиясы

1-ші «Болжау» стратегиясы. Оқушылардың алдына әңгімеден үзінді беру. Яғни, оны оқушылар ары қарай жалғастырып оқиғаны немен аяқталғанын өз ойларымен

жеткізеді.

2-ші «Екі жақты күнделік» стратегиясы.

1. Мәтіннен өздеріне әсер етіп ойында қалған үзіндіні жаз.

2. Қысқы мезгілдегі табиғаттағы тіршілік

3. Жылқышының еңбегі

3-ші «Топтастыру» стратегиясы.

«Қыс мезгілі» сөзін оқушылар қағаз бетіне түсіреді.

4-ші «Әдебиет үйірмесі»

Шағын әңгіме «Қыс мезгіліндегі тіршілік».

«Қызықты қыс еліне» суретті аяқта.

5-ші «Бес жолды өлең» стратегиясы.

1. Зат есім (1 сөз)

2. Сын есім (2 сөз)

3. Етістік (3 сөз)

4. Қорытынды ой (4 сөз)

5. Зат есімге жуық мәндес сөз (1 сөз)

Ал сабақтың нәтижелігін көрсететін кезеңнің бірі – бағалау. Балаларды ынталандыру мақсатында формативті бағалаудың орны ерекше. Өйткені, әр топ қорғаған сәтте оқушылардың бір-бірін қошеметтеп, күш-жігер беріп отыратындарын көргенде көз қуантты. Топ басшылары өз топтарындағы балаларды бағалайды.

Қорыта келгенде, Пажарестің «білім беру стилін таңдау кезінде мұғалімнің білімділігінен гөрі сенімге негізделген ой-тармақтарының ықпалы күштірек деп сендіреді: оқыту үдерісінде қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы «іс-әрекетіне пәннің қалай оқу керектігі жөнінде әбден қалыптасып қалған пікірлер анағұрлым күштірек ықпал етеді» дегендей, «Сенім» ұғымына тереңірек ұғынып, сабақтарымда тиімді қолдануға тырысамын. Оқушыларда сенімділік артқан сайын, олар жұмыс істеуінде жылдамдықтың, нақтылықтың көріне бастағандығының куәсі болдым. Сыныптағы оқушылардың ұйымшылдығы қалыптасып, топта бірлесе жұмыс жасаулары көз қуантады. Мені ең таңқалдырған іс-әрекеттердің бірі бірде-бір оқушы тақырыпты талдаудан тыс қалып қоймайды. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Оқушының өз болмысын тануға көмектесіп, қабілетін ояту, жаңа рухани күш беру

білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады. Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылығын арттыра түсу үшін, шығармашылық қабілеттерін сабаққа және сабақтан тыс уақытта дамытуда әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады

Мұнда басты назар аударатын нәрсе – оқушылардың ауызша, жазбаша тілдерінің өзара ұштастырыла отырып және соған сәйкес жұмыстың ауызша, жазбаша түрде көрініс табуларын талап ету. Соның негізінде ғана біздіңше, тіл байлығы мол, сауатты да шығармашыл жас жеткіншекті тәрбиелей аламыз.

Оқушыларды шығармашылық бағытта жан-жақты дамыту – бүгінгі күннің басты талабы. Осы талап тұрғысынан алғанда оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың сан түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру жаңа технологияларды тиімді пайдаланудың маңызы ерекше.

Қазіргі таңда оқытудың елуден астам технологиясы бар екенін ғалымдарымыз айтып, осылардың кейбіреуі біздің білім беру жүйемізге еніп, тәжірибемізден орын алуда. Қазіргі ұстаздар қауымының алдында тұрған үлкен мақсат – өмірдің

барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетке қабілетті, еркін және жан-жақты жетілген тұлға тәрбиелеу. Өмірдегі сан алуан қиындықтарды шеше білу тек шығармашыл адамның қолынан келеді.

Қандай технологияны пайдаланған кезде де оқушының белсенділігі, мақсатқа ұмтылуы, ақпаратты өзі іздеп табуы, шапшағандығы мен еркіндігі, шығармашылдығы, көңіл-күйінің көтеріңкі болуы қамтамасыз етіледі.

Оқушылардың шығармашылығын, танымдық белсенділігін арттыруда шығармашылық сабақтарды өткізудің, оқушының өз бетімен ізденіп, шығармашылық ой-өрісін арттырудың маңызы ерекше.

Оқушыларым қазіргі таңда топпен, жұппен жұмыс атқара біледі. Өз ойларын ашық, нақты айтады және сыни тұрғыдан ойлай біледі. Оқушыларымың сабаққа деген қызығушылықтары артып, сыныптың білім сапасы көтерілді. Егер де жаңа технология элементтерің сабақта өз дәрежесінде ұйымдастыра білсек, өз нәтижесін береді деп ойлаймын.




Біртұтас тәрбие: Сынып сағаты



ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰҒЫРЫ

ТАСТАНБЕКОВА Жазира Калшабековна.
 №69 Бескепе негізгі орта мектебінің ағылшын тілі пәні мұғалімі.
 Түркістан облысы, Сайрам ауданы.

Сабақ мақсаты:	Тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін, ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру.	
Бағыты:	ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.	
Құндылық:	Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; Қоғам игілігі үшін қызмет ету;	Елінің тарихын құрметтейді
Оқыту әдістері:	Топтық жұмыс, диалогтік оқыту	
Қажетті ресурстар	Өлең шумақтары, графaproектор, мәтін жазылған парақшалар. БФЕ шаблон, тиын, теңге бейнесіндегі бағалау стикерлері, маркер, тақырыпқа байланысты мәліметтер бүктемесі. Рефлексияға қажетті стикерлер.	
Тапсырмалар:	Мұғалімнің іс әрекеті	Оқушылардың іс әрекеті
I. Кіріспе:	Сәлемдесу	Сәлемдеседі
Психологиялық ахуал қалыптастыру	Үш сыныптасыңның бір жақсы қасиетін жеке-жеке бір жүрекше жаз. Жүрекшелерді бір жерге жинайық.	«Кубикте» жазылған нұсқаулықтарды орындайды. Бір топта бірдей нұсқауды қайталап орындамаған оқушы болмауын ескере отырып топқа бірігеді.



<p>«Жылы жүрек» әдісі 3 мин</p> <p>Қызығушылықты ояту «Адасқан шумақтар» Әдістері 2 мин.</p>	<p>Енді сағат тілімен ауыса отырып жүрекшелердегі сипаттамаларды оқимыз.Ішінен өзімізді танымыз.Жақсы қаситтерімізді бағалай алатын достарымызға жалпылама алғыс айтайық.</p> <p>1.Үлестірме қағаздарда жазылған өлең шумақтарын жазылу стилі мен шумақтық ұқсастықтарына байланысты сәйкестендіруді; 2. Өлең шумақтарына ортақ тақырып қоюды тапсырады;</p>	<p>Өлең шумақтарын сәйкестендіреді; Топқа бірігеді; Шумақтарға ортақ тақырып табады: «Тәуелсіздік».</p>
<p>Графапроектор көмегімен бейнеролик көрсету 2мин</p>	<p>16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні</p>	<p>Бейнеролик арқылы тәуелсіздік тарихымен, мемлекет үшін маңыздылығымен танысады. https://youtu.be/2SqFixS_kIU?si=Xk8J-RSNkBuP9GzT</p>
<p>II. Негізгі бөлім БФЕ (БАРЛЫҚ ФАКТОРЛАРДЫ ЕСКЕРУ) 15 минут</p> <p>«Айналмалы сағат» 10 минут</p>	<p>Әр топқа егемендік және тәуелсіздік сөздерінің айырмасы мен маңыздылығы байланысты мәтіндер беріледі. БФЕ шаблону таратылады.</p> <p>Барлық факторларды біріктіру мақсатында жауап алу жүргізеді.</p>	<p>1.БФЕ сауалнамаларын толтырады; 2. Топтар арасында ауысып, басқа топтар айтқан факторларды қарайды; 3. басқа топтардың парақтарында жазылғанның негізінде өздерінің парақтарындағы бастапқы факторларды өзгертіп, толықтырады.</p>  <p>Анықталған барлық факторлармен танысып шығады.</p>
<p>III. Сабақты бекіту және Өзін өзі бағалау 15 минут</p> <p>IV. Қорытынды. Рефлексия «Тик ток» әдісі 3 мин</p>	<p>«Аукцион» стратегиясына қажетті қағаздармен қамтамасыз етіп ережені түсіндіреді.</p> <p>Мақсат: Егемендік пен тәуелсіздіктің жеке тұлға үшін, мемлекет үшін маңыздылығын түсіндіріп ұғындыру..</p>  <p>Рефлексия парақшаларын ұсынады</p>	<p>Әр топ қарсы топтың құрастырған иерархиядағы факторларды басымдығы бойынша маңыздылығын айту арқылы құнын шығарып, бағалап, аукцион арқылы сатып алуға тырысады.</p>  <p>Мені қызықтырған мәлімет Әлі де талқылағым келетін мәлімет Білгеніммен бөлісетін мәлімет</p>



ПІШІНДЕР НЕГЕ ҰҚСАЙДЫ?

МАЛИКОВА Шолпан Өмірзаққызы,
 “Ұзын-Ата” жалпы білім беретін мектебінің мектепалды
 даярлық тобының мұғалімі.
 Түркістан облысы, Шардара ауданы.

Сабақтың мақсаты:		Геометриялық пішіндер және олардың түстері туралы түсініктерін бекіту. Дидактикалық ойындар арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Балаларды ұқыптылыққа, бір-біріне деген сыйластық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.		
Сабақтың барысы:				
Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Қызығушылықты ояту 2 мин	Бінталандыру Шаттық шеңбері: Мейірімді жүрекпен, Ақ пейілді тілекпен. Келіп қалған қонаққа, Амандасып алайық. Бір жадырап қалайық, Сәлеметсіздер ме, ұстаздар!	Оқушылар шаттық шеңберін мұғаліммен бірге орындайды.		
2 мин	Балаларды пішіндер арқылы топқа бөлу. Көктем мезгілінің ерекшеліктерін айта кету.	Оқушылар үшбұрыш шеңбер және шаршы арқылы топқа бөлінеді.		Геометриялық фигуралар
5 мин	Мақсат қою Балаларға жұмбақ жасыру арқылы сабақты ашу. 1) Төрт қабырғасы тең болса, Төрт бұрышы тең болса, Жауап берер балақай, Ой өрісі кең болса, Бұл қандай пішін? 2) Бұрыштарын табамыз, Бұған келер шамамыз, Төбесінен сырғанап, Құлап қалсақ күлеміз. Бұл қандай пішін? 3) Емес бұл төртбұрыш, Мұнда мүлде жоқ бұрыш. Бұл қандай пішін? Сиқырлы пішіндер ертегі оқу	Оқушылар жұмбақтарды шешіп бүгінгі сабақтың тақырыбын табады. Ертегіні мұқият тыңдап сұрақ жауапқа жауап беру		Фигуралар.
Мағынаны тану 5 мин	Балалар «Сиқырлы пішіндер» бізге тапсырмалар ала келіпті. Дөңгелектің тапсырмасы. Бұл тапсырма өзіндік тапсырма «Ұқсасын табу» Шаршы, тіктөртбұрыш, шеңберге ұқсайтын суреттерді пішіндердің қасына апарып жапсыру	Оқушыларға тақтадан пішіндерді көрсету. Балалар өздері пішіндерге ұқсайтын суреттерді тақтаға іледі.		Пішіндерге ұқсас суреттер.

15 мин	Шаршының тапсырмасы Дидактикалық ойын. Сұрақ-жауап. Балалардың санды есту және оны цифрмен көрсету дағдысын қалыптастыру. Тіктөртбұрыштың тапсырмасы «Сергіту сәті» Үшбұрыштың тапсырмасы топтық жұмыс пішіндер құрастырады. 1 топ. Үй құрастыру. 2 топ. Зымыран құрастыру. 3 топ. Құстарға ұя құрастыру. Сопакшаның тапсырмасы.	Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Балалар сергіту сәтін орындайды Балалар топ бойынша пішіндерден құрастырады. Балалар бірге санамақ айтады.	1-ден 10-ға дейінгі сандар Бейне тақта. Пішіндердің суреттері 
Соңы 2 мин	Сұрақ жауап арқылы сабақты қорытындылау. Смайлик арқылы мақтау.	Оқушылар қойылған сұраққа жауап береді. Балаларды мақтау, мадақтау.	Смайлик 


Народные приметы и животные синоптики. Знаки препинания в предложениях с косвенной речью

*ЖУРАВЛЁВА Екатерина Николаевна,
учитель русского языка и литературы осш N116 имени Д.Нурпеисовой.
г.Шымкент.*



Цели обучения в соответствии с учебной программой	6.2.7.1 - извлекать информацию из различных источников, сравнивая полученные сведения, определяя разные точки зрения; 6.3.5.1 –писать эссе-повествование, эссе-описание, эссе-рассуждение; 6.4.4.1 – использовать знаки препинания в предложениях с прямой и косвенной речью.
Цели урока	-извлекать информацию из различных источников, сравнивая полученные сведения, определяя разные точки зрения; -писать эссе-повествование; -правильно расставлять знаки препинания в предложениях с косвенной речью.


Этап урока	Деятельность учителя	Деятельность учащихся	Оценивание	Ресурсы
Организационный момент	Приветствие, создание доброжелательной атмосферы на уроке – прием «Комплимент». <u>Прием «Мозговой штурм»:</u> -Какие вы знаете способы передачи чужой речи? -Что такое прямая речь? Приведите примеры. -Что такое косвенная речь? Приведите примеры. -Чем отличается прямая речь от косвенной?	Учащиеся и учитель приветствуют друг друга. Знакомятся с темой и целями урока, отвечают на вопросы, приводят примеры, проверяют домашнее задание, записывают число и тему урока. Делятся на группы по картинкам.	ФО «Словесная похвала»	Презентация
Актуализация знаний учащихся	<u>Проверка домашнего задания:</u> рассказ об удивительных природных явлениях. Деление на группы по картинкам - животные-синоптики: птицы, рыбы, домашние животные	Отвечают на вопросы (с опорой на иллюстрацию), объясняют значение слов	ФО	Приложение № 1 https://ds02.info
Усвоение нового материала	К Предтекстовый этап Задание: ответьте на вопросы.			

	<p><u>Прием "Вопросы на засыпку"</u>. -Что такое народные приметы? -Какие вы знаете народные приметы? -Кто такие синоптики? -Могут ли животные предсказывать погоду? Примеры. Текстовый этап <u>Работа с текстом в группах</u> Задание: прочитайте текст, заполните схему, используя информацию текста (для развития ФГШ) Стратегия "З-Х-У"</p> <table border="1" data-bbox="313 523 776 587"> <tr> <td>Знаю</td> <td>Хочу узнать</td> <td>Узнал</td> </tr> <tr> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </table> <p>Для учащихся с ООП: -работают в группах, совместно заполняя схему. Послектекстовый этап <u>Работа в парах</u> Прием «Поставь проблему – предложи решение» Задание: дайте развернутый ответ на вопрос: «Могут ли животные предсказывать погоду?» <u>Для учащихся с индивидуальными возможностями – прием «Кластер»:</u> -составьте кластер «Животные-синоптики» .</p>	Знаю	Хочу узнать	Узнал				<p>– <i>синоптики, народные приметы</i>, приводят примеры из жизни.</p> <p>Дескрипторы: -читает текст; -заполняет схему, используя информацию текста; -сравнивает полученные сведения.</p> <p>Дескрипторы: -дает развернутый ответ на вопрос; -определяет различные точки зрения.</p> <p>Дескрипторы: -составляет кластер.</p>	<p>«Аплодисменты»</p> <p>Критерии оценивания: -извлекает информацию из текста, сравнивает сведения, определяя разные точки зрения.</p> <p>Критерии оценивания: извлекать информацию из различных источников, определяя разные точки зрения.</p>	<p>urok.ru/uploads/erox/0ffe/0001bdad-dd24969b/2/img13.jpg Приложение № 2 Текст: https://multiurok.ru/files/issledovatelstva-rabota-po-teme-zhivotnye-sinopti.html Иллюстрация https://fun-cats.ru/wp-content/uploads/4/0/c/40ca7f2151b8ba16342e3da03b1fee2b.jpeg</p>				
Знаю	Хочу узнать	Узнал												
<p>Практическая работа</p>	<p>Работа с «Лингвистической копилкой» - Знаки препинания в предложениях с прямой и косвенной речью».</p> <p>Косвенная речь [] () Сравните:</p> <table border="1" data-bbox="313 1205 703 1400"> <thead> <tr> <th>Предложения с прямой речью</th> <th>Предложения с косвенной речью</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1) Он сказал: «Я принесу эту книгу завтра».</td> <td>1) Он сказал, что принесёт эту книгу завтра.</td> </tr> <tr> <td>2) Он сказал мне: «Принеси эту книгу завтра».</td> <td>2) Он сказал мне, чтобы я принес эту книгу завтра. /Косвенное побуждение/</td> </tr> <tr> <td>3) Он спросил: «Когда ты принесёшь эту книгу?»</td> <td>3) Он спросил, когда я принесу эту книгу. /Косвенный вопрос/</td> </tr> <tr> <td>4) Он спросил: «Ты принесёшь эту книгу завтра?»</td> <td>4) Он спросил, принесу ли я эту книгу завтра. /Косвенный вопрос/</td> </tr> </tbody> </table> <p>Индивидуальная работа <u>Прием «Творческое письмо»</u> Задание: Напишите эссе-повествование «Моя кошка – синоптик», используя информацию текста и картинки (100-120 слов). Соблюдайте структуру текста-повествования: -завязка -развитие действия -кульминация -развязка. Используйте в своей работе предложение с косвенной речью. Для учащихся с ООП: -составьте текст-повествование по иллюстрации.</p>	Предложения с прямой речью	Предложения с косвенной речью	1) Он сказал: «Я принесу эту книгу завтра».	1) Он сказал, что принесёт эту книгу завтра.	2) Он сказал мне: «Принеси эту книгу завтра».	2) Он сказал мне, чтобы я принес эту книгу завтра. /Косвенное побуждение/	3) Он спросил: «Когда ты принесёшь эту книгу?»	3) Он спросил, когда я принесу эту книгу. /Косвенный вопрос/	4) Он спросил: «Ты принесёшь эту книгу завтра?»	4) Он спросил, принесу ли я эту книгу завтра. /Косвенный вопрос/	<p>Повторяют правила о знаках препинания в предложениях с прямой и косвенной речью, устно составляют предложения по теме урока.</p> <p>Дескрипторы: -пишет эссе-повествование – 1 б.; -соблюдает структуру: 1)завязка - 1 б. 2)развитие действия-1б. 3)кульминация - 1 б. 4)развязка – 1 б. -использует предложение с косвенной речью – 1 б.; -правильно расставляет знаки препинания в предложениях с косвенной речью – 1 б.</p> <p>Дескрипторы: -составляет текст по картинке.</p>	<p>ФО комментарии учителя</p> <p>Критерии оценивания: -пишет эссе-повествование; -использует знаки препинания в предложениях с косвенной речью.</p>	
Предложения с прямой речью	Предложения с косвенной речью													
1) Он сказал: «Я принесу эту книгу завтра».	1) Он сказал, что принесёт эту книгу завтра.													
2) Он сказал мне: «Принеси эту книгу завтра».	2) Он сказал мне, чтобы я принес эту книгу завтра. /Косвенное побуждение/													
3) Он спросил: «Когда ты принесёшь эту книгу?»	3) Он спросил, когда я принесу эту книгу. /Косвенный вопрос/													
4) Он спросил: «Ты принесёшь эту книгу завтра?»	4) Он спросил, принесу ли я эту книгу завтра. /Косвенный вопрос/													
<p>Рефлексия</p>	<p>Подводят итог урока</p>  <p>Домашнее задание: закончить эссе-повествование.</p>	<p>Оценивают свою работу на уроке</p>												

ПЕЙЗАЖ. ТАБИҒАТПЕН ӨЗАРА ҮЙЛЕСІМДІЛІК. АУА ПЕРСПЕКТИВАСЫ



КОЧКАРОВА Нилуфар Мамуржановна,
№104 негізгі орта мектебінің технология пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Сайрам ауданы.


Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	5.1.1.1 Қоршаған ортаның ассоциативті мағынасы мен визуалды сипаттамасын зерделеу және анықтау (композиция, түс, пішін, фактура, тепе-теңдік) 5.2.1.1 Өз идеялары мен сезімдерін беру үшін қоршаған ортаның визуалды элементтері мен өнердің көркем тәсілдерін қолдану			
Сабақтың мақсаты	Оқушылар суретшілердің жұмыстарымен танысу арқылы өздерінің туған өлкелерін қағаз бетіне түсіре алады.			
Сабақ барысы				
Сабақ кезеңдері	Педагог іс-әрекеті	Оқушы іс-әрекеті	Бағалау критерийлері	Ресурстар
Сабақтың басы	Сәлемдесу. Түгендеу. Психологиялық ахуал. «Миға шабуыл» әдісі Өткен тақырыпты қайталау. <i>Бұл картинада жалпы не бейнеленген?</i> <i>Бұл картинада табиғаттың қандай күйі бейнеленген?</i> <i>Табиғаттың күйін қалай анықтай алдыңыз?</i> <i>Алдағы бейнелеу жоспарын қандай түстер арқылы табамыз?</i> <i>Алдыңғы жоспардағы заттарды бейнелеудің ерекшеліктері неде?</i>	Суретшілер жұмыстарының көшірмелері И. Айвазовский, И. Шишкин, И. Левитан, А. Куинджи, К. Коровин, А. Саврасов, А. Пластов, Жорж Сера, К. Моне, Уке Ажиев, М. Кенбаев, К. Бекмағанбетов, Ә. Қастеев, М. Тельжанов, С. Кульбеков, Н. Хлудов, Шарденев Ж., Анар Абжанов	Өзін-өзі бағалау Өзара бағалау	оқулық
Сабақтың ортасы	<i>Табиғаттың түрлі көріністері бейнеленген көшірме жұмыстар дайындап оқушылар көзқарасын байыту, сонымен бірге табиғаттың түрлі өзгерістерін талдап, сұрақтарға жауап беруді ұсынып, орындату.</i>  <i>ТҚЕ сақтау.</i> <i>Сарамандық жұмыс. Жеке дара.</i> <i>Табиғаттың төрт құбылысын естеріне түсіру қажет.</i>	<i>Өз пейзаждарын табиғаттың кез келген күйін пайдалану арқылы орындау.</i> <i>Оқушылар жай қаламмен пейзажды қағаз бетіне орналастырып бояуға дайындап қояды.</i> <i>Жұмысты екінші сабақта жалғастыруы қажет.</i> <i>Оқушылар өздерінің шығармашылық жұмыстарын таныстырып, жұмыста қолданған материалды, техниканы және өз жұмысын бастауға себеп болған суретші туындысын түсіндіреді.</i>	1. Суретшілердің жұмысын біледі. 2. Композициялық заңдылықтарын ұстанады. 3. Қағаз бетіне дұрыс орналастыра алады.	Суретшілер, Қазақстанның табиғаты бейнеленген картиналар / Nature of Kazakhstan https://www.youtube.com/watch?v=DWysE0u_kZ0 https://www.youtube.com/watch?v=YDRPEXGOtJU






	 <p>Табиғаттың не үшін дәл осы күйін бейнеледіңіз? Пейзаждағы табиғатты сипаттап беріңіз? Сіздер сәндік материалдарды қалай қолдандыңыздар? Кеңістікті қалай бейнеледіңіздер?</p>			
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Кері байланыс Сабақ соңында оқушылар рефлексия жүргізеді: - нені білдім, нені үйрендім - нені толық түсінбедім - немен жұмысты жалғастыру қажет.</p>			



СЫҢ ЕСІМ

ӘБІШОВА Жанаткүл Темірханқызы,
Сейітқасым Әшіров атындағы жалпы білім беретін мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.
Түркістан облысы, Отырар ауданы.

<p>Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:</p>	<p>4.1.1.1 – тыңдаған материал бойынша негізгі тұсын белгілеп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту. 4.4.2.6 – сөз таптарының сөйлемдегі қызметін анықтау</p>			
<p>Сабақтың мақсаты</p>	<p>Тыңдаған мәтіннің мазмұнын айтады. Сын есім туралы білетінін еске түсіреді.</p>			
<p>Сабақтың барысы</p>				
<p>Сабақтың кезеңі// уақыты</p>	<p>Педагогтің әрекеті</p>	<p>Оқушының әрекеті</p>	<p>Бағалау</p>	<p>Ресурстар</p>
<p>Ұйымдастыру Өзін-өзі тексеру</p>	<p>Сабаққа дайындық жасау Психологиялық ахуал «Шар» әдісі арқылы оқушыларды топқа бөлу. Ережесі: партаның тұсына түрлі-түсті шарларды байлап, әр оқушы өзіне ұнаған түсті шардың жанына отырады. Үй тапсырмасы 31-жаттығу Етістіктің шақтары «Пликерс» (Plikers) қосымшасы арқылы өткен сабақты қорытындылау. 1.Осы шақ етістіктерінің сұрақтары А) Не істедім? Не істедің? Не істеді? В) Не істеп отырмын? Не істеп отырсың? Не істеп отыр?</p>	<p>Бір-біріне игі тілектер айтады</p> <p>Үй тапсырмасын көрсетеді</p>	<p>ҚБ:  Дескриптор: Сызбаны талдайды-1Б</p>	<p>Шарлар</p> <p>Оқулық</p> <p>Интербелсенді тақта</p>

<p>Өткен білімді еске түсіру</p>	<p>С) Не істеймін? Не істейсін? Не істейді? D) Не істедің? Не істейді? Не істеп жатырсың? 2. Өткен шақта тұрған етістік А) Жылайды В) Құйып тұр С) Келеді D) Армандады 3. Осы шақта тұрған етістікті белгіле А) жазды В) жазып отыр С) жаздым D) жазасың 4. Келер шақта тұрған сөзді тап А) Ойна В) Ойнайды С) Ойнап отыр D) Ойнады</p>	<p>Тестердің жауаптарын (Pikers) қосымшасы арқылы көрсетеді</p>	<p>Тестердің жауаптарын (Pikers) қосымшасы арқылы көрсетеді</p>	<p>Ұялы телефон</p> 
<p>Жаңа білім</p>	<p>Жаңа сабақ Ой қозғау Бүгінгі күннің ерекшелігіне тоқталу. Оқулықпен жұмыс 33-жаттығу. Ұжымдық жұмыс Мәтінді бейнебаян арқылы тындау.</p>  <p>34-жаттығу. Ғарыш кемесін орбитаға шығару үшін қуатты зымыран қозғалтқышы мен отын қажет. Ал зымыран жоғары температураға төзімді жеңіл материалдан жасалуы тиіс. 35-жаттығу Берілген сын есімге сай келетін зат: шаш, бөлме. Өйткені: Шаш-қалың, бұйра, қысқа, ұзын болады. Бөлме-кен. жарық, биік болады.</p>  <p>36-жаттығу Үлкен алтын табактан Әлемге нұр таратқан. (Күн)</p> 	<p>Тестердің жауаптарын (Pikers) қосымшасы арқылы көрсетеді</p> <p>Мәтінді бейнебаян арқылы тындап, көріп негізгі тұстарын айтады.</p> <p>Мәтінді көшіріп жазады, сын есімдердің астын сызады. Қайсысы негізгі, қайсысы туынды екенін айтады.</p> <p>Тестердің жауаптарын (Pikers) қосымшасы арқылы көрсетеді</p>	<p>Мәтіннің негізгі ойын анықтайды-1Б</p> <p>Сын есімдерсіз мәтінді оқып көреді-1Б Мәтінді көшіріп жазып, сын есімдердің астын сызады-1Б</p> <p>Берілген сын есімдерге сай заттарды атайды-1Б Неге ол зат екенін дәлелдейді-1Б</p> <p>Жұмбақты шешіп, жауабын жазады-1Б Күн туралы жұмбақтар біледі-1Б</p> <p>Туынды, негізгі сын есімдерді ажыратады-1Б</p>	<p>Парақшалар</p> <p>А</p> <p>Б</p> <p>А</p> <p>Б</p>  <p>Ғарыш туралы суреттер</p> <p>Ғарыш айлағы туралы Бейнебаян</p>
<p>Үй тапсырмасы</p>	<p>Үй тапсырмасы 37-жаттығу</p>			

<p>Бекіту</p> <p>Кері байланыс</p>	 <p>Бағалау.</p>	<p>Сын есімге сай келетін затты атайды</p> <p>Жұмбақты шешіп, сын есімді табады</p> <p>Үй тапсырмасын алады</p> <p>Кері байланыс парағы</p>	<p>Дескриптор: Ұшақ жайында әңгіме құрайды-1Б Өз ойын еркін жаза алады-1Б</p> <p>«Бес саусақ» әдісі</p>	<p>Слайд</p> <p>Оқулық</p> <p>Слайд</p> <p>Суреттер</p>  <p>Кері байланыс парағы</p> 
------------------------------------	---	---	---	---



ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?

ЕГЕМБЕРДИЕВ Қуаныш,
«Ұзын ата» жалпы білім беретін мектебінің тарих пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Шардара ауданы.

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары:	9.4.1.1 еңбек құқығы ұғымын түсіндіру
Сабақтың мақсаты:	Еңбек құқығы туралы біледі және оның қажеттілігін түсінеді
Бағалау критерийі:	Конституция ерікті еңбек құқығының сақталуына беретін кепілдерді анықтайды. ҚР Конституциясының 24-бабының тармақтарына бір мысалдан (проблемалық жағдаят пен оның шешімі) келтіреді.

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Ұйымдастыру</p> <p>Өткен білімді еске түсіру 7 минут</p> <p>Жаңа тақырыпқа қадам 3 минут</p>	<p>М Сабаққа кіріспе жасаныз.</p> <p>1 тапсырма: Еңбектің адам өмірінде алатын орны мен маңызы жайлы үлгі өнеге беретін аңыз немесе оқиғаны талданады.</p> <p>Б Оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады: Берілген аңыз не туралы? Сіз оны қалай түсінесіз? Қандай ой түюге болады?</p>	<p>Оқушылар өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Дескриптор: Аңыз мазмұнын түсінеді Аңыздағы негізгі мәселені анықтай алады.</p>	<p>ҚБ «Мадақтау сэндвичі»</p>	<p>Тақырыптық суреттер</p>
<p>Сабақтың ортасы Жаңа білім 5 минут</p>	<p>«Еңбек құқығы саласын зерделеу маған не береді?» деген сұрақ аясында. «Ойлан. Талқыла. Ойыңмен бөліс» тапсырмасын орындайды.</p> <p>1 тапсырма: Еңбек туралы мақал мәтелдер, өмірден</p>	<p>Дескриптор: Мақал-мәтелдердің түпкі ойын түсінеді Мақал-мәтелдердің еңбек мәселесін жеткізу жолдарын</p>	<p>ҚБ Мұғалім оқушылар жауабын мұқият тыңдап кері байланыс беріп отырады</p>	<p>Ақпараттық мәтін</p> <p>Үлестірмелі қағаздар</p> <p>Қазақстан</p>

10 минут	мысалдар келтіре отырып, төмендегі сұрақтарға жауап береді: Мақалдардың шығу себептері неліктен қажет болды? Неге адамдар осындай мақал-мәтелдерді өмірлерінде қолданды? Еңбек жайлы өзіндік ойлануға мүмкіндік беріледі. ЕБҚ оқушы (көру және есту қабілеті төмен) сұрақтарға жауапты жазбаша ұсынады. 2 тапсырма: анықтаманы өз сөзімен түсіндіру. Еңбек құқығы — меншіктің түріне, шаруашылықты жүргізудің ұйымдық-құқықтық пішіміне қарамастан, кәсіпорын (мекеме, ұйым) қызметкерлерінің еңбегін ұйымдастыру саласындағы қарым-қатынастарды реттеп, олардың әлеуметтік құқыларын қорғайтын нормалар жиынтығы. Олар ҚР Конституциясының 24-бабының 4-тармағын оқып, мағынасын түсіндіреді. ЕБҚ оқушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын.	талдай алады Дескриптор: Мәтінді оқиды және түсінеді Мәтіндегі ойды анықтайды және қолдана алады Дескриптор: кәсіпті еркін таңдау көрсетеді еңбектегі теңдік біледі еңбек дауларын шешу мәселесін талдайды тынығуға құқылы екендігін бағалайды.	ҚБ «Алақан-жұлды» ҚБ «Ең үздік жауап» ҚБ «Өзін-өзі бағалау»	Республикасының Конституциясы. http://adilet.zan.kz Суреттер Тірек-сызбалар Кесте Карта ҚБ парағы
5 мин	ЕБҚ оқушыға қолдау көрсету мақсатында суреттің үлкен нұсқасын ұсынамын. 3 тапсырма: Бап тармақтарына сәйкес проблемалық жағдаяттарды ойлап тауып, шешімдерін табуды жасайды.			
10 минут	ЕБҚ: оқушы шығарылып берілген тапсырманы орындайды			
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс - нені білдім, нені үйрендім - нені толық түсінбедім - немен жұмысты жалғастыру қажет	Тақырып бойынша не білетінін, не білгісі келетінін, не білгенін жазады	Оқушылар бағалау критерийлерімен өз деңгейлерін бағалайды	A4, конспект
Үй тапсырмасы	Еңбек: «құқық па, әлде міндет пе?» екі тұжырымның біреуін дәлелденіз			

Рентгендік сәулелену







*АЛИМХАНОВА Акерке Оразалиевна,
№10 «Қайнар» мектеп-гимназияның физика пәні мұғалімі.
Түркістан облысы, Жетісай ауданы.*

Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	11.8.1.9- Компьютерлік және магниттік- резонанстық томографияны салыстыру
Сабақтың мақсаты	- Компьютерлік томография мен магниттік- резонанстық томографияның ерекшелігін ажырату - Компьютерлік томография мен магниттік- резонанстық томографияның қолданылуын салыстыру

Сабақ барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтің іс- әрекеті	Оқушының іс- әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 3 мин	Ұйымдастыру кезеңі: Оқушылармен сәлемдесу. Оқушыларды түгендеу, сабаққа зейінін аудару. Жағымды ахуал қалыптастыру.	Оқушылар сәлемдеседі. Жағымды ахуал қалыптастыру мақсатында бір- біріне жылы лебіздерін білдіреді.	Бір-біріне жылы лебіздерін білдіріп жақындасады, көңіл- күйі көтеріледі.	

<p>Өткен білімді еске түсіру 3 мин</p>	<p>«Жүректен жүрекке» әдісі Бағалау критерийімен таныстыру «Кім жылдам?» әдісі арқылы үй тапсырмасын еске түсіру. Тапсырма 1. Қандай реакциялар фотохимиялық реакциялар деп аталады? 2. Фотосуреттер туралы не білесіңдер? 3. Негатив кескіннің позитив кескіннен айырмашылығы қандай? 4. Жарықтың химиялық әсерінің пайдасы мен зияны туралы не білесің?</p>	<p>Үй тапсырмасы бойынша сұрақтарға білім алушылар жылдам жауап береді.</p>	<p>Оқушының іс-әрекетіне қарай бағаланып отырады. Жылдам әрі функционалды түрде сыни ойлауы дамиды.</p>	<p>Оқулық, 11 сынып физика 2 бөлім Ресурс 1.</p>
<p>Жаңа сабақ 20 мин</p>	<p>Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатымен таныстырылады.</p> <p>«Кинометафора» әдісі КТ мен МРТ-ның анықтамасы, ерекшелігі туралы ауқымды түсінік қалыптасу мақсатында бейнежазба көрсетемін.</p> <p>«Мені таны» әдісі арқылы оқушыларды топқа біріктіру. 1-топ «КТ» 2-топ «МРТ»</p> <p>«Фишбоун» әдісі. (Топтық жұмыс) Тапсырма 2 Графикалық органайзер арқылы КТ мен МРТ –ның ерекшелігін сипаттап жазыңдар.</p> 	<p>Білім алушылар жұмыс дәптеріне сабақ тақырыбын, мақсатын жазады Бейнематериалға мұқият назар аударады. Суреттер бойынша топқа бірігеді, топтың атауын анықтайды</p> <p>Суреттер арқылы топқа бірігеді.</p> <p>Бейнематериалда көрсетілген мәліметтерді, оқулықты пайдаланып графикалық органайзерде КТ мен МРТ –ның ерекшелігін сипаттап жазады.</p>	<p>Бейнематериалмен танысады. Тақырып бойынша ой жинақтайды, танымдық қабілеттері қалыптасады.</p> <p>Дескриптор 1, 2 - топ 1. КТ-ның, МРТ-ның анықтамасын жазады; 2. КТ-да, МРТ-да сканерлеу кезінде қолданылатын сәуле түрін анықтайды; 3. КТ-ның, МРТ-ның қарсы көрсетілімдерін сипаттайды; 4. КТ-да, МРТ-да сканерлеу уақытын дұрыс анықтайды; 5. Қандай жағдайда қолданылатынын айқындайды; 6. Радиациялы қ әсерін анықтайды; 7. Қандай диагноздарды анықтауда қолданылатынын сипаттайды.</p>	<p>Жұмыс дәптер</p>  <p>https://youtu.be/wDTMz54NKrc</p>  <p>Оқулық, 11 сынып физика 2 бөлім Ресурс 2.</p>  <p>https://martebe.kz/wp-content/uploads/2019/09/word-image.png</p>
<p>Сабақтың ортасы 12 мин</p>	<p>«Ойлар ағыны» әдісі (Жұптық жұмыс) Білім алушыларға өмірлік жағдаятпен байланысты тапсырма беріледі. Тапсырма 3. Жандос велосипед жарысына қатысып, ойын ортасында оқыс оқиғаға тап болды. КТ нәтижесі бойынша Жандосқа «белдің L1-L3 омыртқаларының сүйектің қозғалуымен жабық сынығы» деген диагноз қойылып, ем- шаралар жүргізілді. Арадан бірнеше ай өткен соң Жандоста қайта бел омыртқасының ауыруы басталды. Жандос дәрігерге келіп өзінде болып жатқан ауырсынуды айтқанда оған қайта МРТ-ға түсу керектігін айтты. Жандос қайта томографияға</p>	<p>Білім алушылар пәндік білімдерін пайдаланып келесі тапсырма қадамдарын орындайды</p>	<p>Дескриптор топ , 2- топ 1. КТ-ға, МРТ-ға анықтама береді ; 2. КТ-ның, МРТ-нің медицинада қолданылу аясын сипаттайды; 3. КТ-ның, МРТ-нің қарсы көрсетілімдерін ажыратады; 4. КТ-ның, МРТ-нің адам ағзасына кері әсерін сипаттайды; 5. КТ-ның, МРТ-ның жиі</p>	<p>Ресурс 3</p>

	түсуге қарсылық танытты. (Жандоста қосымша клаустрофобия диагнозы бар)		пайдаланбау жолдарын ұсынады.	
Сабақты бекіту 4 мин	Физикалық диктант. «Сөйлемді толықтыр» әдісі. (Жеке жұмыс) Тапсырма 4. 1. КТ тиімді. 2. КТ кезінде сканерлеуалынады. 3. артық салмақ пен клаустрофобиясы бар адамдар үшін қарсы көрсетілім болады 4. МРТ..... анықтайды 5. МРТ-ға түсу кезінде организмде қарсы көрсеткіш көрсетіледі 6.кескінді алуға(сканерлеуге) 45 мин -1 сағ уақыт кетеді.	Білім алушылар өтілген тақырып негізінде сөйлемді толықтырып жазады.	Дескриптор 1. КТ-ның тиімділігін айқындайды; 2. КТ-ның сканерлеу уақытын нақты ажыратады; 3. Құрылғының атауын дұрыс тандайды; 4. МРТ-ның қандай жағдайда қоданылатынын анықтайды; 5. МРТ-нің қарсы көрсетілімін анықтайды:	Ресурс 4
Сабақтың соңы Үй тапсырмасы Кері байланыс 3 мин	«Еркін микрофон» әдісі. Бүгінгі сабақ бойынша - Мен нені білдім? - Маған сабақта қиын болғаны? - Бүгінгі сабақта үйренген, алған мәліметтерді өмірде қолдана аламын? - Әлі де толықтырар тұстарым бар... & 52 Рентген сәулелер Қосымша мәліметтер іздену	Білім алушылар сабақ мақсатына жетудегі орындалған іс-әрекеттерге, өз түсінгеніне ойын білдіреді. Білім алушылар бүгінгі сабақты қандай деңгейде меңгергендігіне кері байланыс жасайды	Қалыптастырушы бағалау «КТ мен МРТ-ны қолдану ерекшелігін сипаттауда біршама толықтырулар енгізу керек» «Өз жауабыңды тағы қалай толықтырар едің» Тапсырма дескрипторына сәйкес білім алушыны баллдық жүйемен бағалаймын.	

Балабақша - бақыт мекені

«БЕРЕКЕЛІ АЛТЫН КҮЗ»

*Нұрсая ТОҚСАНБАЕВА,
Жансая АМАНБАЕВА.
№59 «Айша» бөбекжай
балабақшасының тәрбиешілері.
Шымкент қаласы.*



Балабақша бүлдіршіннің болмысы қалыптасатын маңызды мекен. Мұнда жас өрннің мінез-құлқы, әдеп-дағдыларымен қатар айналаны, қоршаған ортаны тану қабілеті де қатар жетілуі тиіс. Осы мақсатта біздің жетекшілігіміздегі «Қыран» ересек тобы бала жасына сай іс-шараларды үзбей өткізіп келеді. Жуырда өткен «Берекелі алтын күз!» ертеңгілігі бүлдір-шіндердің табиғатты танып, шығармашылық қабілеттерін дамытуда пайдасы мол болды. Мақсатымыз – балдырғандарға күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру, күз өнімдерімен таныстыру, олардың ағзаға пайдасын түсіндіру. Мерекелік көңіл-күй орнату арқылы балаларды ән салуға, би билеуге, түрлі іс-әрекеттерге тарту, бейімділіктерін арттыру. Шығармашылық ой-қиялдарының дамуына ықпал ету. Ата-аналар қауымымен тығыз қарым-қатынас қалыптастыру болатын.

Ертеңгілікті №59 «Айша» бөбекжай бақшасының басшылары мен қызметкерлері, ата-аналар тамашалады. Күз ханшайымы, бағбан секілді кейіпкерлер сомдалып, балалармен көңілді байланыс орнатты. «Жемістер» биімен ортаға шыққан өнерлі балақандар жаттау айтып, тәтті тілдерімен барша-мызды тәтті етті. Олар сахналық көрініс арқылы түрлі көкөніс, жемістердің пайдасымен танысты. Кішкентай аруларымыз күзгі образға сай сәнді киініп келіп, сахнаның сәнін келтірді. Осылайша күз мезгілінің ерекшелігіне қаныққан бүлдіршіндеріміздің таным-түйсігі кеңейді.

«Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, бала тәрбиесіне бей-жай қарамайтын ата-аналар мен білім мекемелері барда, балаларымыздың болашағы жарқын боларына кәміл сенеміз!

СПАСИБО ЗА ДОБРОТУ

Мы, родители садика "Таншолпан" города Кентау хотим выразить искреннюю благодарность коллективу садика.

За доброту, за чуткое и сердечное отношение к нашим маленьким детям. С признательностью отмечаем заведующего садика Абдужалиеву Гулнар Рысбековну за высокий профессионализм, щедростью души, преданностью к работе. Она просто с дружила весь коллектив детского сада "Таншолпан" и с пониманием относится к нашим маленьким детишкам. Коллектив под её руководством, как единая дружная семья.

Так же хотим выразить огромную благодарность

воспитателям Джапатовой Галии и Багатовой Махпал, няне Башеевой Молдир и музыкальному работнику Нурмахаммат Айнаш.

Ваша доброта и терпение, высокий профессионализм помогли детям получить хорошее воспитание. Мы говорим Вам огромное спасибо и глубоко ценим Ваш нелегкий труд. Желаем Вам, чтобы и Вас окружали любовью и заботой ваши близкие люди.

Здоровья Вам всем, огромного счастья, успехов во всем и везде!

С уважением родители садика "Таншолпан".

Айгүл САДЫРХАНОВА.



ОҚУҒА ҚҰШТАР ОТБАСЫ

Сарыағаштың Ақжар ауылында кітапқа құштарлығымен танылған отбасы бар. Ерлі-зайыпты Нұрбол Төребеков пен Гүлшат Тастанбекованың бес баласы да смартфон емес, кітаппен дос. Мұндай жақсы әдеттің қалыптасуына ең алдымен үйдегі үлкендердің оқуға құштарлығы себеп болса керек.

Отанасы Гүлшатты оқушы күнінде сыныптастары «оқымысты қыз» деп атаған екен. – Ауылда мектепте және мәдениет үйінде екі кітапхана болды. Сабактан бос уақытты сол жерде өткізетінмін. Үйдегілер көзін ауырады десе де, қараңғыда шамның жарығымен тығылып оқитынмын. Негізі отбасымызбен кітапқа жақын өстік. Бала күнгі арманым – жаңалық жүргізушісі болу еді. Бірақ басқа сала бойынша білім алдым. Қазір бала тәрбиесімен үйде отырмын. Отағасы қызмет бабымен көбінде сыртта жүргендіктен балалардың бабы менің мойнымда. Ендігі мақсатым – білімді, тәрбиелі, кітап оқитын көркем мінезді ұрпақ қалыптастыру. Кітап оқыған адамнан жаманшылық шықпайды дегенге қатты сенемін. Президентіміздің де кітап оқуға ерекше көңіл бөліп, түрлі бағдарламаларға қосып жатқаны қуантады, – дейді ол.

Әрине, бала бойындағы барша дағдыны қалыптастыруда тек ата-ана емес, қоғам боп қызмет етеді. Бұл тұрғыда балалардың зейінін ашуға көмектескен ұстаздары мен кітапхана қызметкерлерінің еңбегін де ұмытпауымыз керек. Олардың тарапынан жас ұрпақты кітапқа қызықтыру үшін түрлі іс-шаралар атқарылып жатыр. Үйдің үлкені Нұрасыл жергілікті №45 мектептің сегізінші сыныбында оқыса, одан кейінгі қыз Ақжүніс жетінші, Мереке алтыншы, Альбина екінші, ал, кенже қыз Әмина мектеп талбалдырығын биыл аттады.

– Біз үйде көпбалалы және тете болғандықтан кішкентай күнімізде көп шулап, анамыздың мазасын алатынбыз. Сонда анам кітап оқыңдар деп қолымызға ертегілерді ұстатып қоятын. Алғашында кітап оқығаннан гөрі телефон қараған әлдеқайда қызық көрінетін. Бірақ кейін оқиғалар бірінен соң бірі тартып әкетті. Тағы қандай қызық кітап бар екен деп өзім іздеп тұратын болдым, – дейді Нұрасыл Ілгербай.

Балалардың кітапқа деген талғамы әртүрлі. Нұрасылдың сүйікті авторы Мұқағали Мақатев, Абай Құнанбаев, жақсы көретін шығармасы «Көшпенділер» трилогиясы.

Ақжүніс Мұхтар Шаханов, Фариза Оңғарсынова, Мұқағали Мақатаев секілді айтулы ақындардың өлеңдерімен қатар әлем әдебиетінен «Кішкентай әйелдер», «Жалаңаш патша», «Гуливердің саяхаты» кітаптарын ұнатып оқиды. Ал, Мерекеге балалардың сүйікті жазушысы Бердібек Соқпақбаевтың повестері, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсарин, Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармалары, Доспанбет жыраудың жырларын жаттаған ұнайды. Альбина небәрі екінші сынып оқыса да Ыбырай Алтынсариннің «Бақыттың кілті» кітабын, «Әжемнің ертегілері», «Қайырымды қоян», «Аю мен шаруа», «Ақымақ қасқыр» ертегі кітаптарын оқып тауысқан. Қазір ол минутына 114 сөз оқып, сынып көшін бастап тұр. Әмина әріпті енді үйреніп жүргендіктен оған көбінде ертегілерді үлкендер оқып береді. Балалар республикалық «Ұлан» газеті мен «Ақ желкен» журналының тұрақты оқырмандары. Аталмыш басылымдарға Ақжүністің бірнеше ертегі, әңгімелері

жарияланған. Тіпті жүлдеден көрініп, сыйлыққа әдеби жинақтарды еншілепті.

Отбасының бірге оқыған соңғы кітабы «Қыз Жібек» лиро-эпостық жыры.

– Бірігіп оқу ең алдымен балаларымды бірлікке баулиды. Ортақ талдауға, ой-пікір алмасуға үйретеді. Бірдей құбылысқа әр адамның өзіндік көзқарасы бар екенін түйсініп өседі. Бұған дейін «Бопай ханым» және Мұхтар Шахановтың поэзияларын бірге оқығанбыз. Ал «Қыз Жібекті» оқу арқылы салт-дәстүр, ұлттық



құндылықтармен танысты деп ойлаймын. Өзім де жыр мен кинодағы айырмашылықтарды осы жолы анық байқадым, – дейді ана.

Бүгінде кітапқұмар отбасының мектепішілік, аудандық, ауылдық байқаулардан алған бірнеше жүлде қоры жинақталған. Оның басым бөлігі кітап оқумен байланысты. Биылғы жазғы демалысын балалар діни сауатын жетілдіріп, құран сүрелерін жаттауға арнаған.

Жас жеткіншектер түрлі зиян әдеттердің жетегінде кетіп, баланы смартфон тәрбиелеп жатқан заманда кітап үлкен тәрбие құралы. Жаһандану талаптарына жұтылып кетпеу жолында көркем әдебиет, төл мұрамыз ғана рухани негізімізді сақтауға көмектеседі. «Бүгінгі компьютер тетігінде отырғандарды болашақта кітап оқығандар басқарады» деген сөз біздің кейіпкерлеріміздің басты ұстанымы.

А.ТАУҚЫЗЫ.



КЕЛЕСТІК ІІ ЖАСАР КӘСІПКЕР

Мемлекет басшысы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында «Мен ұрпақты еңбекқорлыққа, бизнес жүргізу шеберлігіне баулу мәселесі жөнінде үнемі айтып жүрмін. Ел болып қарапайым еңбек адамын қадірлей білуіміз қажет. Адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету баршамыздың міндетіміз» деген болатын.

Күнгеі өлке елімізге еңбекқорлығымен танылған аймақ. Мұндағы еңкейген қарттан еңбектеген балаға дейін екі қолға бір күрек ұстауға бейім тұрады. Келес ауданындағы 11 жасар шебер Нұрсырым Ұлық бұл сөзіміздің дәлелі. Ұшқын ауылы, Т.Бердияров атындағы №20 жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушысы гипспен мүсін жасау өнерімен бірнеше жылдан бері айналысады. Алғаш анасы өзінің сіңлісінен көріп үйренген. Анасының қасында қолқанат болып жүрген зейінді бала қағып алады. Ұлының қызығушылығын байқаған ата-анасы қымбат болса да, Алматы, Шымкент, Жетісай қалаларынан арнайы қалып сатып алып берген. «Болам деген баланың бетін қақпа, белін бу» деген осы болса керек. Перзентінің жылт еткен жақсы қасиетін сөндірмей, қолдау көрсетуі – бала болашағының іргетасына қаланған берік қабырға.

Нұрсырымның гипстен жасалған бұйымдары той-томалақтарда ұсынуға таптырмас дүние. Бағасы мен көркемдігі, сапасы жағынан тиімді кәдесыйларға тапсырыс жеткілікті. Тапсырыс берушінің қалауына қарай теңге жәшігінен бастап әртүрлі әдемі бұйымдарды еш қиындықсыз жасап береді. Бұл бизнесті жүргізуге арнайы қалып пен гипс болса болғаны. Қазір жас кәсіпкердің 8-9 түрлі қалыпы бар. Мектептен келген соң екі сағат уақытын осы іске арнаса жеткілікті. Қолынан шыққан бұйымдардың құнын 250 мен 300 тг аралығында бағалайды. Тапқан табысына қалып санын көбейтуге жұмсайды, отбасының азын-аулақ керек-жарағына жаратады. Бұл өнерін әрі қарай дамыту үшін тик-ток желісі, ғаламтор арқылы ізденіп жүр. Алдағы уақытта арнайы курстық білім алып, үйге қоюға арналған әдемі тұрмыстық бұйымдар жасау басты жоспары.

Нұрсырымның сабақ үлгерімі өте жақсы. Мектепте сүйікті пәні математика, болашақтағы арманы – археолог атану. Ол қосымша кәсібі арқылы отбасына көмек қолын

сызып ғана қоймай, бос уақытын тиімді пайдаланып жүр.

Балаға ең алдымен білім емес, тәрбие беру өте маңызды. Ал, тәрбиенің тетігі еңбекте екені аян. Жастайынан адал тер төгуге үйренген баладан қоғамның ертеңгі саналы бөлшегі қалыптасады. Нұрсырымның болашағынан мол үміт күтіп, сәттілік тілейміз!

Жанна УСИПОВА.



АБАЙ ҚҰНАНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ ЗЕРТТЕУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



ТҰРМҰРАТ Аида Нұрмұратқызы, Ж.Баласағұн атындағы №6 жалпы орта білім беретін мектебінің 7- сынып оқушысы. Жетекшісі: ОРЫНБАЕВА Рабиға Урқинбаевна, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі. Шымкент қаласы.

Абай өлеңдері көптеген тілдерге аударылса да, әлі аудармалардың қалай аударылғаны туралы мәліметтер өте аз. Олар түпнұсқамен қаншалықты жанасатыны зерттеуді қажет етеді. А.Байтұрсынов «Абай – қазақтың бас ақыны» деп көрсеткен болатын. Бас ақынымыздың өлеңдері мен шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылатын болғандықтан ол арқылы ұлтымыздың мәдениеті мен қазақ халқының өзіндік ерекшеліктерін бүкіл әлемге көрсете аламыз.

Зерттеу материалы әр түрлі мақалалардан, жинақтардан, оның ішінде аударма теориясын жасаған әр түрлі жетекші ғалымдардың зерттеулерінен тұрады. Абай шығармаларының аудармаларын қолдану мысалдары Г.Бельгер, П.Шубин, Е.В.Бреус, М.А.Апполова, В.Н.Комиссаров, В.Н.Крипнов, т.б.тәрізді аудармашылардың мақалаларынан алынды.

Зерттеудің мақсаты – Абай шығармаларының әртүрлі аудармаларын және оларды аудару тәсілдерін салыстырмалы түрде зерттеу және талдау жүргізу.

Зерттеу мақсатына сәйкес біз келесі теориялық мәселелерді анықтап отырмыз:

- аударманың жалпы лингвистикалық негіздерін ашып, сипаттау, яғни тілдік жүйенің қандай ерекшеліктері мен тілдік жұмыс үлгілері аударма процесінің негізін құрайтындығын көрсету, бұл процесті мүмкін ету және оның табиғаты мен Абай шығармаларының шекараларын орыс тілінде анықтау;

- зерттеу проблемасы бойынша теориялық материалды талдау;

- қазақ тілінен орыс тіліне аудару мәселелерін анықтау;

- аударманы лингвистикалық зерттеудің пәні ретінде анықтау, қазақ тілінен басқа тілдерге жасалған аударманың айырмашылығын көрсету;

- аударманың қазіргі өмірдегі маңыздылығын дәлелдеу.

Зерттеу әдістері. Зерттеу мақсатына жету үшін біз сипаттаушы және салыстырмалы талдау әдісін, компоненттерді талдаудың кейбір элементтерін, жіктеу әдісін және статистикалық әдісті біріктіретін интеграцияланған зерттеу әдісін қолдандық.

Зерттеудің теориялық құндылығы. Ұлы ақын А.Құнанбаевтың шығармаларын қазақ тілінен орыс тіліне аудару түрлерін қолданумен анықталады. Зерттеу барысында автор аударма ғылымындағы әр түрлі әдіснамалық аспектілерді зерттеп, көркем аударма теориясына және мәдениеттің негізгі әдіснаманы қамтамасыз етудегі маңызына тоқталды.

Зерттеудің практикалық маңызы: аударма ғылымының тиімділігін айқындау мақсатында қазақ тілі мен әдебиетімен қатар, орыс тілі мен әдебиетін практикалық оқытуда, аударма процесін оңтайландыруда табысты қолдануға болады.

Абай Құнанбаевтың шығармаларын аударудың негізгі ерекшеліктері.

Аудармашы түпнұсқаның мазмұнын, пішінін саралап білумен бірге оның тууына негіз болған өмір құбылыстарының сипатын да жете тануы қажет. Ақынға, ақынның белгілі өлеңінің тууына негіз болған өмір құбылыстарының тобын танып, таразылай отырып, ақынның ойлау, сезіну даралығын, оның шығармашылық тұрғысы мен нысанасын түсінгенде ғана аудармашының еңбегі шығармашылық дәрежеге көтеріліп, поэтикалық қасиет иелене алады. Түпнұсқаның мазмұнын, тақырыбы мен идеясын дәл жеткізудің бірден-бір құралы тіл екені түсінікті. Пішінді түзетін құрал да сол. Сондықтан белгілі мазмұнды, оның кейбір нәзік қырларын жеткізудің поэтикалық тәсілдері мен құралдары ұлттық ерекшеліктерімен сипатталғанына қарамастан, қызметін неғұрлым дұрыс, толық жеткізетін тілдік құралдарды аудармада тілдің белгілі заңдылықтарына сәйкес басқа типтегі құралдармен алмастыруына тура келеді. Әйтсе де өлең сөзді аудару тәжірибесінде түпнұсқаның мазмұны мен пішінін мейлінше дәл сақтау, өзге тілде дәл әрі көркем жеткізу аудармашыдан неше алуан тәсілдерді пайдалануды талап етеді.

Абай Құнанбаевтың поэзиясының орыс тіліне жасалған аудармаларын салыстырмалы талдау – қазақ халқының әлемдік тілдік бейнесінің көрінісі

«Қай тұрғыдан болса да, Абай тілін және оның поэзиясын өз алдына сөз ету оның туындыларын талдаумен қатар жүріп келеді. Әрине бір мезгілде

қатар емес. Ең алдымен, ақын шығармаларының идеясын, мазмұнын танып, білуге күш салынды, сол мазмұнның сыртқы көрінісі – тіліне үңілу содан кейін басталады. Абай шығармашылығы хақында алғашқы пікір айту – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы жылдарында басталған болса, тілі жайында да алғаш рет сөз қозғау осы тұстарға саяды.

Ақынның «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі көлемді болғанмен, көркемдік бейнелеу құралдарының молдығы және күрделілігі жағынан аудармашы үшін аса көп қиындық келтірмейтіндей көрінеді. Шындығында олай емес, аудармашылар бұл өлеңді қинала аударғандай әсер туады. М.Петровых, Ә.Қодар аудармаларында «Ғылым таппай мақтанба» түрлі тұрғыдан, түрлі деңгейде пайымдалған, аудармалардың көркемдік-эстетикалық дәрежелері де түрліше болып шыққан.

*Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз,
Тілеуің, өмірің алдыңда,
Оған қайғы жесеңіз...*

Өлең жолдарында көркемдік бейнелеу құралдарының ішінде жиі қолданылатын теңеу де, эпитет те жоқ, басқа бейнелеу құралдары да сиресіп тұрған жоқ. Ақын анық, айқын, тіпті ауызекі сөйлеу стилінде ой толғап отыр. Аудармада бұлай емес. М.Петровых пен Ә.Қодар осы жолдарды былай аударды:

*Пока не знаешь — молчи.
Пока блуждаешь — молчи.
В бесцельных днях и в ночи
Пустых забав не ищи.
Чтоб человеком ты был
И в ровень с веком ты был,
Ты пятерых побори,
И пятерых избери...
Без знаний нос не задирай,
Найди себя, потом играй.
Не надо смеха через край.
Пуста веселость эта.
Пяти вещей ты избегай,
К пяти вещам стремленье знай,
Разхочешь выйти в люди.
Все сбудется в судьбе твоей,
Когда так жить полюбишь...*

Түпнұсқа мен оның екі түрлі аудармасын жолма-жол және шумақ деңгейінде салыстырып қарағанда, Абайдың ойы да, сөзі де мүлде басқа деңгейде шыққаны көзге түседі. Әрине, аудармашылар Абайдың өлеңін орыс тіліне аударып отырғанда, орыс тілінің заңдылықтарын, орыс тілінің көркемдік құралдарын, орыс тілінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік мүмкіншіліктерін пайдаланады. Бірақ бұл аудармашыға түпнұсқадан негізсіз ауытқуға жол бермеуге тиісті. Әр ұлт тілінің синтаксистік жүйесінде ерекшелік

бары рас, алайда олардың синтаксистік, поэтикалық, лингвопоэтикалық қызметінде үндестік, үйлестік, бірегей жүйе барын естен шығармау керек. Сондықтан түпнұсқаның синтаксистік жүйесіне, басқаша айтсақ, өлеңнің тармақ жүйесіне орынсыз, қажетсіз өзгерістер, толықтырулар енгізу, сөйтіп түпнұсқаның құрылым жүйесін ғана емес, мағыналық-мазмұндық жүйесін де бұрмалау аудармашы шеберлігін таныта алмайды.

Қорытынды

Қорыта келгенде, жоғарыда түпнұсқа мен аударма арасындағы сәйкестік пен алшақтық жайы тек мазмұн-мағына арнасында ғана сарапталды. Бұл жерде нақты, тура мағыналы сөздердің тура мағынада аударылуы, тармақ беретін мағынаның аудармада мүмкіндігінше дәл берілуі, тармақ, шумақ, тұтастай өлең мазмұнының, ақынның өмірлік тұрғысын, ақындық биік нысанасын танытатын, эстетикалық көзқарастарының негізін аңғартатын тұжырымды ойлардың берілу дәрежесі жайында сөз болды.

Әрине, аударма өз қалпында, түпнұсқадан тыс тұрып та белгілі көркемдік-эстетикалық, танымдық қызмет атқаратынында сөз жоқ. Ақынның ойын ақынның өз ақындық қуаты деңгейінде бейнелі жеткізу аудармашы үшін мүмкін еместігінде сөз жоқ. Бейнелілік, образдылық сыры мен сымбатын аударуда аудармашыдан ешқандай биік талап өлшемдерін талап етпей, тек мазмұн-мағына деңгейінде ой қозғағанның өзінде, аудармада түпнұсқа мазмұнының кейде өрескел бұрмаланатыны, кейде орынсыз өзгеріске ұшырайтыны белгілі болады. Бұл өзгерістер мен бұрмалаулар Абайдың ақындық өнері туралы халық санасында, абайтану ғылымында қалыптасқан биік ұғымнан төмен түсініктің орын алуына мұрындық болуы ғажап емес.

Сондықтан Абайдың ақындық даналығына лайықсыз аударманың болмыс-бітімін сыншыл оймен байымдаудың әлеуметтік, ғылыми маңызы жоғары. Әдеби шығарманың өзге тілге аударылғаннан кейінгі аударма қалпындағы көркемдік сапасы мен әлеуметтік қызметі түпнұсқадан тыс бағалануға тиісті емес. Аударма шығарманы оқырман өзінше қабылдап, оның көркемдік-эстетикалық мәнін түпнұсқадан тыс, өзінше өлшеп-пішіп, өзінше бағалауына ерікті. Алайда аудармашы түпнұсқадан ауытқып, өз оқырманының қолына автордың басты ойын, өмірлік маңызы жоғары пікірлерін, шығармашылық нысанасын өзгертіп жеткізетін болса, онда бұл оқырманды адастыруға, түпнұсқа туынды туралы мүлде бөлек, ақиқатқа жанаспайтын түсініктің пайда болуына алып келеді.

«Туған елге тағзым» жобасы: Түркістан - ер түріктің бесігі

ЖАРЫЛҚАП Аружан Әуелбекқызы,
Химия-биология бағытындағы Н.Назарбаев зияткерлік мектебінің
II-сынып оқушысы.
Түркістан қаласы.



Бұл – жүрегінде ғасырдың қайғысы мен дәуірдің дерті бар көне қала. Бұл – көкейінде жылдардың жылнамасы сақталған абыз қала. Бұл – кеудесінде көне қалалар мен түрлі ежелгі өркениеттердің көрінісі сақталған көреген қала. Тарихы тереңде жатқан Түркістанның іргетасы V-VI ғасырларда қаланған. Сол кездерден бері бұл қала әлем тарихындағы алпауыт түркі өркениетінің бесігі саналады. Неліктен Орта Азияда орналасқан кішкентай қала бүкіл түркі баласының рухани астанасы саналады?

Осы туралы экспедиция барысында ой қозғадым.



Біріншіден, Азияның орталық бөлігі байырдан бері түркі тілдес халықтардың тарихи отаны, барлығының тарихы мен өркениетінің бастауы саналған жер. Ежелден түркілер әрдайым бірлік пен ынтымақты алдыңғы орынға қойған халық.

Сондықтан болар, дана

халқымыз «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген қастерлі сөзді әрдайым тілге тиек еткен. Осы орайда, Орта Азияны мекендейтін бір тектен шыққан халықтар өздерін «түрік» деп атаған. Өйткені «Түрік» термині жалпы мәнге ие «Кемеліне келген ел» деген ұғымды білдіреді. Бұл туралы ортағасырлық Махмұд Қашқари секілді ғұламалар түсінік берген. Сонымен қатар, қорық қызметшілерінің айтуынша, «Түркі» ұғымы сол кездегі жергілікті өркениеттің даму деңгейі не байланысты айтылған. Қазіргі таңда зиялы халықтарды барлық жағынан біріктеретін Түркістан қаласы – ресми түркі мәдениетінің астанасы статусын алған болатын.

Екіншіден, «Түркістан» атауы көбінесе жазба әдебиеттерде Орта Азия мен Таяу және Орта Шығыс аймағын Ақсақ Темір (1336-1405) билік жүргізген тұстарда жиі айтылады. Даланың қыраны атанған, жарты әлемді жаулауға бекінген әмірші Түркістанды алғаннан соң, Қожа Ахмет Яссауи бабамыздың әулиелігіне мойынсұнып, рухына тағзым етіп, басына кесене тұрғызуға бекінеді. Әмір Темірдің ілтипатына бөленген түркінің ұлы ақын Ахмет Яссауи осындай құрметке бөленуінің себебі неде?

Қожа Ахмет Яссауи – ғұлама, ортағасырлық ғалым, Орта Азиядан сопылық ілімнің негізін салған тұлға. Араб жазушылары кең түркі даласында исламның рухани мұрасын байытқан адам деп сипаттаған Ахмет Яссауидің бүгінде көне түркі тілінде жазылған діни кітабы «Диуани Хикмет» бүкіл түркі халықтарының асыл қазынасы деп санаймын. Өйткені экспедиция барысында Фараб кітапханасына соққанымызда, «Яссауи феномені»

атты Отбасы хрестоматиясының кітабын оқыдым. Онда Яссауи бабамыздың «Диуани Хикмет», «Пақырнама» секілді еңбектерінің негізгі тақырыбы, философиялық дінгеі – кемелденген адам екендігі айтылған. Шынында, мұндай тақырыптағы еңбектер сол замандағы халықтардың салт-санасы мен сенім-нанымының қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Осыдан мынандай ой түйе аламыз, Ахмет Яссауи бабамыз бар бойына жинаған ілімі мен білімін өз халқының игілігі мен өскелең ұрпақтың тәлім-тәрбиесінің жоғары деңгейде болуына жұмсаған ғалым. Осы сәтте менде ұлы бабаларымның қалдырған мұрасын дөңгелетіп, бар бойыма инемен жинаған білімімді болашақ ұрпақ мен халқымның өркениетін дамытуға жұмсайтын ұлтын сүйетін ұлы жүректі азамат болып қалыптасуға қасиетті бабамның алдында өзіме сөз бердім.

Үшіншіден, мен «Туған елге тағзым» экспедициясы Түркістан қаласында болғанда, көптеген шетелден келген туристермен қатар, түрлі түркітілдес халықтардың мәдениет өкілдерінің өнерлерін тамашаладық. Мысалы, қазақстандық «Nassak», өзбекстандық «Abbos», мажарлық «Kerekes Band», түркиялық «Kolektif Istanbul» этномұзыкалық топтардың әуендерін естіп, шынымен мен туылған қасиетті Түркістан қаласы түркі мәдениетінің байырғы ғана емес, заманауи мәдениеттің отанына айналып бара жатқаны көңілімді қуантты. Сонымен қатар, 2021 жылы 31 наурызда еліміздің Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитін ұйымдастырып, онда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыруға әрі түркі өркениетін жаңғырту үшін Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытуды барлық түркі жұрты басты назарда ұстау қажеттілігін айтқан болатын. Сондықтан тегі мен тарихы бір түркі халықтарының сан ғасырлардан соң қайтадан мәдениеттерінің бірігуі – түркі бабаларымыздың арманының орындалғанының белгісі деп санаймын.

Қорытындылай келе, тамырын тереңнен алған Түркістан өңірі түркі әлемінің әдебиеті мен мәдениетін бесігінде тербететін рухани өлке бола бермек. Осы ретте алпауыт халықтардың астанасы болған Түркістандай қалада тұрғаным, Яссауидей дана бабамның ізімен қасиетті қалада білім нәрімен сусындап жатқаным зор мәртебе.



Қазақ отбасындағы ата мен әженің рөлі

Нұрасыл ЕРДЕН,

І.Кеңесбаев атындағы жалпы білім беретін мектептің оқушысы.

Жетекшісі: Рамазанова Гүлнар.

Түркістан облысы, Созақ ауданы.

Қазақ халқында жеке адамның азамат боп қалыптасуында, қоғамның сүттей ұйып, берекелі ғұмыр кешуінде және сол қоғамның адами қағидаларды берік ұстана отырып дамуында елдің қариялары мен ақ жаулықты әжелерінің орны зор болған. Ауыл аймақтың ірілі-ұсақты мәселелері қашанда ушықпай тұрып ауыл ақсақалдарының қолымен шешілетін. Ал ақ жаулықты әжелеріміз абысын-ажын, келін-кепшік, қала берді бойжеткен қыздардың барлығының қысылғанда жүгінетін ақылшысы боп қоғамның дұрыс дамуына жағдай жасайтын үлкен тәрбие мектебін қалыптастырған. Ақын Мұқағали:

«Арсыз күлкің тиылмас, жылауың да,

Айтысың да басылмас, ылаңың да.

Араздасып ағайын кетер еді,

Бір қария болмаса бір ауылда» деп қоғамдағы данагөй қарияларымыздың орнын дәлме-дәл дөп басып айтып кеткен. Отбасы тәрбиесіндегі әдет-ғұрып пен салт-дәстүр ата дәстүр түрінде атадан балаға, әкеден немереге беріліп, бүгінгі күнге де жетті. Заманауи ұғымдарға сай отбасы құндылықтарының да жаңаша қағидалары қалыптасып келеді. Бүгінде бір үйлі жаннан құралған толық отбасы ата-анасы, балалары және ата-әжесінің болуымен көрінсе, толық емес отбасы ата-анасының біреуінің ғана болуымен сипатталып жүр. Қазіргі уақыттағы көпшілікті ойландыратын мәселелердің бірі де осы «толық емес отбасы» төңірегіндегі ойлар. «Жалдамалы тәрбиеші» дейміз, тіпті, интернет, телеарна, компьютердегі түрлі фильмдер, атыс-шабыс ойындар қаншалықты теріс тәрбие беріп жатыр? Кезінде атам қазақ ұрпақ тәрбиесін жоғары орынға қойып, өз перзенттерін ағайын-туыс, тіпті, бір қауым ел болып тәрбиелеген емес пе? Ал қазіргі уақытта бала тәрбиесі қай деңгейде? Осы орайда, «толық емес отбасын» жан-жақты қарастыруға ой салсақ. Соның бірі, перзенттері бола тұра, олардың ата-әжесінің өз ұлдарынан бөлек тұруы. Мұндайда немерелері ата-әжесінің мейірімін толыққанды сезіне алмай жәутендеп, бұйығы болып өспей ме?

Осы тұрғыдан алғанда «Сіздің отбасыңыздағы ата мен әже, әке мен шеше, бала мен келіннің рөлі қандай?» деген сауал бәрімізді мазалайтыны анық.

Әжелеріміз ертегі-аңыздарын, жыр-дастандарын айтып, немере-шөберелерін рухани жағынан сусындатса, аталарымыз ақ батасын беріп, өсиет-насихаттарын айтып отырған. Мәселен, Балғожа би мен Зередей зерек әжесінің ертегі-аңыздарын, жыр-дастандарын тыңдап, тәрбиесін алып өскен Ыбырай мен Абай аталарымыз да қазақтың ұлы тұлғаларына айналды. Осындай

мысалдардан-ақ ата мен әженің тәлімді тәрбиесін алған сіздің балаңыздың да күні ертең еліне елеулі, халқына қалаулы жақсы азамат болмасына кім кепіл?

Ата – елдің, отбасының ақылшысы, батагөйі әрі қамқоршысы болса, ақжаулықты «әжелеріміз» отбасы мен ағайын-туыс, ел-жұрттың амандығын, тілеуін тілеп, халықтық салт-дәстүрімізді ұлдары мен қыздарына ұғындырып, үлгі-өнеге көрсететін жандар. Тіпті, халықтық дәстүр бойынша ақсақал қариясы бар ауылға келген қонақтар алдымен сәлем беріп, баталарын алуды азаматтық борыш деп санаған. Ал ұлдары мен келіндері, немерелері мен шөберелері құрмет жасап, айтқаны мен өтінішін сөзсіз орындауы шарт, өйткені, бұл ұрпақтарға парыз, міндет.

Әрбір ата-ана перзенттерінің шыр етіп өмірге келгенінен бастап жақсы бағып-қағып, ізгі ниетті, адал етіп тәрбиелейді. Отбасының басты қазығы – бала. Бала – ата-анадан тараған ұрпақ, олардың ізбасары. Халықта: «Балаңды бес жасқа дейін хандай көтер, он бес жасқа дейін құлдай жұмса, он бестен әрі онымен ақылдас», дейді. Сондықтан, ата-анасының айтқанын екі етпей орындап, қартайғанда қабақ шытпай бағып-қағып, ризалығын алу – әрбір перзенттің борышы. «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, әрбір ұл мен қыз әкесі немесе анасының жақсы қасиеттерін бойына сіңіреді. Қазақ халқы бірінші баланы тұңғышым, одан кейінгілерін ортаншым, кенжем дейді. Олар ержетіп өскенде тұңғыштары мен ортаншыларын үйлендіріп, енші беріп бөлек шығарады да кенжесі өз қолында, яғни «қарашаңырақта» қалады. Осыдан кейін ата-анасын бағып-күтуге осы кенже ұл міндетті болады. «Қарашаңырақты» басқа балалары да құрметтеп, ата-анасының сыбағасын беруді ұмытпауы міндет.

Ата мен әже... Жарық әлемнің есігін ашқан әрбір адамға сәбилік сәттен жүрегіне жақын ардақты атау. Асыл дінін сүйген, бабалар дәстүрін дәріптеген әрбір қазақ үшін ықылым заманнан ата мен әже деген – киелі ұғым. Ақ ниетімен, ақ батасымен айналасын арайландырған, жүрегі махаббат пен шапағаттан жаралған ата мен әже атты абзал жандар – өнегелі өмірдің сыны мен сыры жайлы шұрайлы шежіре шертетін тірі тарих. Өмір атты тынымсыз тіршілікте көңілі таудағы таза ауадай, пейілі дархан даладай, даналығы дариядай қариялар – әулетінің арқа сүйер асқар тауы. Өмірде бала атаулыны ақыл-өнегесімен балалық шақтан болашаққа, балалықтан даналыққа жетелейтін ата мен әженің балапан буынға тәлім-тәрбие берудегі маңызы ерекше.

Шұғыла ЕРМАХАН,
“Қаратау” дәстүрлі өнер мектебінің оқушысы.
Жетекшісі: Әлімжан Әлішер
Шымкент қаласы.



Биіктерге әйтеуір жаны құмар

*Биіктерге әйтеуір жаны құмар,
Лаулап тұрған жұлдызым, жалыным-ау.
“Етістігің көп болады” – ережесі,
Жетістікке жетуге жарығым-ау!*

*Мәп-мәлдір зой жанарың, бұла-жаның,
Сәттер болады қирайтын құрағаның...
Көп көргеннен тек қана сұрай берші,
Көп білгені көк тиын тұрады оның!*

*Биіктеуге қаншама күнің керек,
Ақыл болсын білгенім, үнім-дерек:
Жүгіруді үйренгем жығылудан,
Қайырына қуана білу керек...*

*Кейде жеңді қайталап түремін де,
Кейде беріп жолымды, бүгемін де...
Сонда болар – ісіңнің берекесі,
Сонда болар – қайтпайтын жігерің де!*

*“Өй, оның самғауынан, қайтқаны көп”
Деп сөкпесін, айтсын тек “қайтпады!” деп
Саған мінез болсын деп жатқаным зой,
Әйтпесе маған ешкім айтқаны жоқ...*

*Жаныңның тазалығын білейік көп,
Жолымызды бұйырған сүйейік бек!
Жамандығың артыңнан шашылмасын,
Жақсылықтың жолымен жүрейік тек!*



Аян ҚУАНЫШ,
Жаңатірлік жалпы орта мектебінің,
10-сынып оқушысы.
Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы.

Тағылым

*Бұл күнде барша адам түрленердей,
Заман сырын, зар, мұңын білмегендей.
Абайға он үшінде қонған ақыл,
Талайға отызында кірмегендей.*

*Жігіттер көп жігерін бетке көмген,
Ол бір нәубет емес пе, көпке келген!?
Байырғы Толағайлар тау көтерсе,
Толық байлар қарында боқ көтерген.*

*Құры шапқан далақтап, тілің батыл,
Қайрат пен жігерің жоқ, түрің мақұл.
Қажымұқан дұшпанын жедел жықса,
Арсыздар өз намысын жығып жатыр!*

*Бір шумақ тақпақ жазып атың шығад,
Кей ақынға көкейде жатыр сұрақ.
Қырғыздың ауызына құм толтырмай,
Сүйінбаймын деп жүрсің, ақын сымақ.*

*Қос гашиқ салар болса қамал бөлек,
Жамандықта жасарсың, адал көмек.
Сұлу сүйіп, сырыңды ақтаруға,
Мұқаңдардың көзімен қарау керек.*

*Ақынбыз, олай болса дәрігерміз,
Ел жарасын емдемей әбігерміз.
Бабалардай тағылым болмасақта,
Жәй ғана біз оларға жәдігерміз.*





Ақжан ТҰРҒЫН,
“Қаратау” дәстүрлі өнер мектебінің оқушысы.
Жетекшісі: Әлімжан Әлішер
Шымкент қаласы.

Бар қазақтың Ақберені

Ғұмырын қара сөзбен өрнектеген,
Ағамның өлеңіне шөлдеп келем.
Бір жырын сан ақсақал сүйсіне оқып,
Бала да жаттап алған еңбектеген.

Қазақтың бағын ойлап, жанын ойлап,
Келеді мың жүректі әлі қайрап.
Оқыған сайын рухқа толы өлеңін,
Шапқым кеп кетеді осы “Абылайлап!”

Ақберен! Арда азамат! Ағам – мерген!
Айналың алтын елі табанды ерден.
Қолына мына өмірді жырласын деп,
Құдай да деп ойлаймын қалам берген.

Ел үшін туған ердің арманы жоқ,
Сүйрейді жұртты ақын, арда жүрек.
Ағамыз арлы ауылдың, асқақ елдің,
Өтеді ардағы боп, қорғаны боп.

Қалдым мен шығарманы сәтті ескеріп,
Неге оқымай жүргем деп қатты өштеніп.
“Болмаған балалық шақ” – мен оқыған,
Балалық шағымдағы тәтті естелік.

Ақберен! Бар қазақтың Ақберені,
Алыстан оқырманын тапты өлеңі.
Ант ұрған адамға да от береді,
Талынған да адамға бақ төгеді!



Пәк жүректегі ақ сезім

Сәттібек СЕРІКБОЛАТҰЛЫ,
«Еркіншілік» жалпы орта білім беретін мектебінің 9-сынып оқушысы.
Ақмола облысы, Ерейментау қаласы.

Көрмесе бір күн сағынар жаным,
Көңілім тұрар елеңдеп.
Тағдырға мынау бағына алмадым,
Соңынан сенің ерем деп.

Таппайсың қалқам күрсінбей тыным,
Өмірден мынау түнерме.
Сәби жүректің дүрсілдейтінің,
Басқалар осы білер ме?!

Жаныма жалғыз жақын жандайсың,
Мендегі жүрек аңсары,
Өзіңе мені шақырғандайсың,
Сезімнің тұнық кәусары!

Көзіңді мөлдір аспанға теңеп,
Сезімге ыстық жетердей.
Ұмтылғандаймын асқарға кенет,
Көңілім ұшып кетердей!



ДАРЫНДЫ БАЛА – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Түркістан облысы Сайрам ауданы, №7 Бабыр атындағы
жалпы білім беретін мектебінің 5 «Ә» сынып оқушыларының
жеңістері мен жетістіктері



АБДУМАВЛАНОВА Шахло Анартаевна,
5 «Ә» сынып жетекшісі:
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші.

ИСЛАМКУЛОВА Висола
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы аудандық математика пәні олимпиадасының 1-орын иегері, аудандық «Оқуға құштар» жобасы аясында өткен байқауға қатысушы. 2022 жылы мектепшілік «Менің Отаным!» атты сурет байқауының 3-орын иегері, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 1-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы. 2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.



ЮЛДАШЕВ Суннатилла
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы.



ТУРДАЛИЕВ Жасурбек
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы математика пәні бойынша мектепте өткізілген пән олимпиадасының 3-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының 2-дәрежелі диплом, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы. Греко-рим спорт түрімен айналысады. Облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы.



АДИЛШИХОВА Дурдона
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік орыс тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының 1-орын иегері. 2022 жылы мектепшілік «Менің Отаным!» атты сурет байқауының 3-орын иегері, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 1-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын олимпиадасының қатысушысы. 2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.



КАМИЛОВА Чарос
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасынан орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы.

КАМИЛОВА Чарос
оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасынан орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы.



**Түркістан облысы Сайрам ауданы,
№7 Бабыр атындағы жалпы білім беретін мектебінің
6 «Ә» сынып оқушыларының жеңістері мен жетістіктері**



ПИРМАНОВА Гульмира Алтынбаевна.
6 «Ә» сынып жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
педагог- зерттеуші.

КУРБАНОВ Абдуллох

Греко-рим спорт түрімен айналысады.
Облыстық, республикалық жарыстардың
жеңімпазы.

2022 жылы МЖӘ ұйымдар арасындағы
облыстық жарыста III орын иегері.

2023 жылы «Бәйтерек» республикалық
олимпиадасының 3-дәрежелі диплом,
«Ақбота» интеллектуалдық
марафонының 3-орын иегері.

2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры»
олимпиадасы қатысушысы.



ИСКАНДАРОВА Хадияхон

2022 жылы мектепшілік пән
олимпиадасында ағылшын пәнінен
1-орын, «Ақбота»
интеллектуалдық марафонының
3-орын иегері.

2023 жылы «Бәйтерек»
республикалық олимпиадасының I
дәрежелі диплом иегері.

2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік
тұғыры» олимпиадасының
қатысушысы, озат оқушы.



КАСЫМОВА Диёра

2022 жылы қазақ тілі пәні бойынша
мектепте өткізілген пән
олимпиадасының 2-орын иегері, 2022
жылы мектепшілік «Менің Отаным!»
атты сурет байқауының 3-орын иегері,
«Ақбота» интеллектуалдық
марафонында 2-орын иегері.

2023 жылы «Тарих Ата» республикалық
олимпиадасының I дәрежелі диплом,
«Ақбота» интеллектуалдық
марафонының 1-орын иегері

2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры»
олимпиадасының қатысушысы.



ЮСАНТЕВА Мубина

2022 жылы мектепшілік орыс тілі
мен әдебиеті пәні олимпиадасының
1-орын иегері.

2022 жылы «Ақбота»
интеллектуалдық марафонының 1-
орын иегері.

2023 жылы «Бәйтерек»
республикалық олимпиадасының I
дәрежелі диплом, «Тарих Ата»
республикалық олимпиадасының III
дәрежелі диплом иегері.

2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік
тұғыры» дарын олимпиадасының
қатысушысы.



ТЕМИРОВА Зулайхо

2022 жылы аудандық математика пәні олимпиадасының
2-орын иегері, аудандық «Оқуға құштар» жобасы
аясында өткен байқауға қатысушы.

2022 жылы мектепшілік «Менің Отаным!» атты сурет
байқауының 1-орын иегері, «Ақбота» интеллектуалдық
марафонының 1-орын иегері.

2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I
дәрежелі диплом иегері.

2023 жылы «Тарих Ата» республикалық олимпиадасының
II дәрежелі, «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын
олимпиадасының III дәрежелі диплом иегері

2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика»
халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.



**Түркістан облысы Сайрам ауданы,
№7 Бабыр атындағы жалпы білім беретін мектебінің
6 «В» сынып оқушыларының жеңістері мен жетістіктері**



ПОЛАТОВА Айнур Исфандияровна,
6 - «В» сынып жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,
педагог-зерттеуші.



РАСУЛМАТОВА Хайриниса
2022 жылы аудандық математика пәні олимпиадасының 2-орын иегері, аудандық «Оқуға құштар» жобасы аясында өткен байқаудың қатысушысы.
2022 жылы мектепшілік «Менің Отаным!» атты сурет байқауының 3-орын иегері, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 1-орын иегері. 2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын олимпиадасы III дәрежелі диплом иегері. 2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.



КАЙНАРОВА Лобар
2022 жылы мектепшілік орыс тілі мен әдебиеті пәні олимпиадасының 1-орын иегері.
2022 жылы мектепшілік «Менің Отаным!» атты сурет байқауының 1-орын иегері, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 1-орын иегері.
2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері.
2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» дарын олимпиадасының III дәрежелі диплом иегері.
2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.

РАВШАНБЕКОВА Фазилат
2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері.
2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері.
2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы.



КУЛАХМЕТОВ Абдуллох
2022 жылы математика пәні бойынша мектепте өткізілген пән олимпиадасының 1-орын иегері.
2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының 3-дәрежелі диплом, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері.
2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, озат оқушы. Греко-рим спорт түрімен айналысады. Облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы.



ЗАДИБЕКОВ Абдулазиз
2022 жылы математика пәні бойынша мектепте өткізілген пән олимпиадасының 1-орын иегері.
2023 жылы «Бәйтерек» республикалық олимпиадасының 3-дәрежелі диплом, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы, Греко-рим спорт түрімен айналысады. Облыстық, республикалық жарыстардың жеңімпазы.



РУСТАМХАНОВА Зилюла
2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының орыс тілі мен әдебиеті пәнінің 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері.
2023 жылы «Баршаға арналған Кенгуру-математика» халықаралық ойын сайысының 1-орын жүлдегері.
2023 жылы «Тіл – тәуелсіздік тұғыры» олимпиадасының қатысушысы.



**Түркістан облысы Сайрам ауданы,
№45 «1-Май» жалпы білім беретін мектебінің
2 «Д» сынып оқушыларының жеңістері мен жетістіктері**



НАСИРИДДИНОВА Дилбар Махмудуллаевна.
2 «Д» сынып жетекшісі: педагог- зерттеуші.



СОБИРЖАНОВ Мадияр

Сыныптағы үздік оқушылардың бірі.

Ұстанымы: Өзінді де, өзгені де тану үшін кітап керек.

*Мақсаты: Жақсы оқып, адал болып, өз Отаны үшін қызмет ету.
2022 жылы математикалық зияткерлік “Самұрық” олимпиадасы мен республикалық “Бәйтерек” зияткерлік олимпиадасына қатысып, I орын иегері атанды. Мектепшілік байқауларға белсене қатысады.*



МАККАМОВ Тахирбек

Ұстанымы: Білегіңе сенбе, біліміңе сен!

*2022 жылы “Үздік бастауыш сынып оқушысы” олимпиадасының жеңімпазы, I дәрежелі диплом иегері.
2023 жылда мектепшілік “Отбасым - мақтанышым” сайысының I-орын иегері.
Келешектен үміті мол, Отанын қорғайтын жігіт болуды армандайды.*



ШАМУРАТОВА Асила

Ұстанымы: “Алтын алма, білім ал”.

Сыныпта үздік және көшбасшы.

*2022 жылы республикалық мектепалды даярлық тобы оқушылары арасында математика пәнінен өткен олимпиада жеңімпазы, I дәрежелі диплом иегері.
2023 жылы мектепшілік өткен “мақал-мәтелдер” сайысының жеңімпазы.
Келешекте бар білімімен Отаны үшін еңбек етуге дайын.*

**Түркістан облысы Сайрам ауданы,
№45 «1-Май» жалпы білім беретін мектебінің
7 «В» сынып оқушыларының жеңістері мен жетістіктері**



ХАЙРИМЕТОВА Нафиса Киличбаевна.
7 «В» сынып жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы.



ЭРГАСHEVA Зайнаб
Оқу озаты, мектепшілік пән олимпиадасында математика пәнінен 3-орын, "Бәйтерек" Республикалық олимпиадасының II дәрежелі диплом иегері.



ПАРХАТОВА Муслима
Оқу озаты, сынып белсендісі. 2022жылы мектепшілік пән олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 1-орын, «Ақбота» интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері.
2023жылы "Бәйтерек" республикалық олимпиадасының I дәрежелі диплом иегері.
2023жылы "Тіл - тәуелсіздік тұғыры" олимпиадасының қатысушысы.



АНВАРОВА Ноила
Оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының ағылшын тілі пәнінен 2-орын, "Ақбота" интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері.
2023жылы қазақ тілі және ағылшын тілі пәндерінен "Бәйтерек" республикалық олимпиадасының 2-дәрежелі диплом иегері.
2023жылы "Тіл - тәуелсіздік тұғыры" олимпиадасының қатысушысы.



АБУБАКИРОВА Нозима
Оқу озаты, сынып белсендісі. 2022 жылы мектепшілік пән олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің 1-орын, "Бәйтерек" интеллектуалдық марафонының 3-орын иегері. 2023жылы "Самұрық" республикалық олимпиадасының 3дәрежелі диплом иегері. 2023жылы "Самұрық" олимпиадасының қатысушысы.
"Бәйтерек" республикалық олимпиадасы 3 дәрежелі диплом иегері.
2023 жылы "Бәйтерек" Республикалық олимпиадасының сертификат иегері.
Жаратылыстану пәнінен "Бәйтерек" республикалық олимпиадасының сертификат иегері. Ағылшын пәнінен "Бәйтерек" республикалық олимпиадасының сертификат иегері.

**Түркістан облысы Сайрам ауданы,
№45 «1-Май» жалпы білім беретін мектебінің
8 «Г» сынып оқушыларының жеңістері мен жетістіктері**



МИРЗАЕВА Сарвиназ Одилжановна.
8 «Г» сынып жетекшісі: орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.



ХАЙТМЕТОВ Ахрор

Математика пәні апталығында белсенді қатысқаны үшін марапатталды.
Оқу жылы барысында белсенділік танытып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, үздік оқығаны үшін марапатталды.

ТУРСУНКУЛОВ Хайрулло

Оқу жылы барысында белсенділік танытып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, үздік оқығаны үшін марапатталды.
Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай 6-7 сыныптар арасында өткізілген іс-шараға белсенді қатысқаны үшін марапатталды.
Математика пәні апталығына белсенді қатысқаны үшін марапатталды.
Мектепшілік олимпиада да алгебра пәнінен 3-орын алғаны үшін марапатталды.
"Жас математик YOUNG Mathematican" Республикалық зияткерлік олимпиадасының жеңімпазы болғаны үшін марапатталды.



НУРАЛИЕВА Махлиё

«Ustaz tilegi» ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық қазақ тілі пәнінен оқушылар арасындағы онлайн олимпиадасының жеңімпазы.
Оқу жылы барысында белсенділік танытып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, үздік оқығаны үшін марапатталды.

РАХМАНКУЛОВА Бибизахро

"Ustaz tilegi" ғылыми-әдістемелік орталығы ұйымдастырған Республикалық қазақ тілі пәнінен оқушылар арасындағы онлайн олимпиадасының жеңімпазы.
Математика пәні апталығында "Көркем жазу" байқауына белсенді қатысқаны үшін марапатталды.
Оқу жылы барысында белсенділік танытып, жоғары жетістіктерге қол жеткізіп, жақсы оқығаны үшін марапатталды.





Мазмұны

ЕСЕН Б.А.
Біртұтас тәрбие: Поэзия айы.....1
МОЛДАШЕВА Г.Е.
Өркениет пен мәдениеттің бесігі – Жапон елі.....2
ТЕЛЕМИСОВА Е.С.
Ұлттық тәрбие – кемел келешектің кепілі.....4
ТАСТАНБЕК А.
Ата кәсіпті жалғастырған қолөнершілер әулеті.....5
ТҮРҒАНБЕК Н.О.
“First Robotics” робототехникасы.....8
НАСИРОВА М.Т.
Қазақ тілі сабақтарында тілдік қатынас жасау мәселесіне берілетін басымдылық.....10
НҮРЖАНОВА Р.М.
Жаңа ұрпаққа жаңа қатынас керек.....11
А.ҚАЛШАБЕКҚЫЗЫ
Ауыл мұғалімі мемлекет басшысының қолынан марапат алды.....12
ХАСЕНОВА З.К.
Мен – балаң, жарық күнде сәуле құған.....14
БЕКТИЛЛАЕВА А.И.
Саралап оқыту технологиясымен жұмыс жүргізу.....15
АСЕМОВА Б.Ж.
Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңа технологиясын сабақта тиімді қолдану.....17
ТАСТАНБЕКОВА Ж.К.
Тәуелсіздік тұғыры.....18
МАЛИКОВА Ш.Ө.
Пішіндер неге ұқсайды?.....20
ЖУРАВЛЕВА Е.Н.
Народные приметы и животные синоптики. Знаки препинания в предложениях с косвенной речью.....21
КОЧКАРОВА Н.М.
Пейзаж. Табиғатпен өзара үйлесімділік. Ауа перспективасы.....23
ӘБІШОВА Ж.Т.
Сын есім.....24
ЕГЕМБЕРДИЕВ К.
ҚР Конституциясының 24-ші бабы нені көздейді?.....26
АЛИМХАНОВА А.О.
Рентгендік сәулелену.....27
ТОҚСАНБАЕВА Н. АМАНБАЕВА Ж.
«Берекелі алтын күз».....29
САДЫРХАНОВА А.
Спасибо за доброту.....30
ТАУҚЫЗЫ А.
Оқуға құштар отбасы.....31
УСИПОВА Ж.
Келестік 11 жасар кәсіпкер.....32
ТҮРМҰРАТ А.Н.
Абай Құнанбаевтың шығармаларын қазақ және орыс тілдерінде зерттеу ерекшеліктері.....33
ЖАРЫЛҚАП А.Ә.
«Туған елге тағзым» жобасы: Түркістан - ер түріктің бесігі.....35
ЕРДЕН Н.
Қазақ отбасындағы ата мен әженің рөлі.....36
Поэзия айы: Ізгілікке қалам тартқан жас ғұмыр.....37
Дарынды бала – ұлт мақтанышы.....39

2015 жылдың тамыз айынан бастап шыға бастады.
Айына бір рет шығады.

Бас редактор:
ЕСЕН Бахытқұл Артыққызы

Шығармашылық директор:
БЕКЗАТ Рүстем

Бас редактордың орынбасары:
БИҒАРАЕВ Жарқынбек

Тілші:
УСИПОВА Жанна
ТАСТАНБЕК Аяулым

Дизайнер:
АНАРКУЛОВ Ислам

Журнал Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және Даму Министрлігі
Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат
комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №15454-Ж (01.07.2015)

Жазылу индексі: 74871
Редакцияға келіп түскен
автордың мақалалары редакцияның
көзқарасын білдірмейді.
Түпнұсқа редакция архивінде сақталады.
Кейбір суреттер мен мәліметтер
интернеттен алынады.

Меншік иесі: ЖК “Шың” Баспаханасы.

Журнал 2023 жылы 24 қараша
ЖК “Шың” баспаханасында
басылып шықты.

Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі 10/1

Байланыс телефондары:
+7 (7252) 77 20 10
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16,
+7 778 625 20 78

эл.пошта: bilimshini.kz@mail.ru
сайт: www.bilimshini.kz

Тапсырыс: №438
Таралымы: 5070



ШЫҢ

БАСПАХАНАСЫ

Кітап

Стендтер

Плакат

Кітапшалар

Визитка

Баннер

Диплом

Маңдайшалар

Портфолио

Журналдар

Брошюра

Бланк

Афиша

Буклеттер

Календарь

Құттықтаулар

Шақырулар

Сапалы әрі арзан бағада

*Мектеп
билмелерін
безендіру*

Байланыс сымтетігі: +7 (7252) 77 20 10;
Ұялы тел.: +7 701 590 79 16
ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманова көшесі 10/1
E-mail: bilimshini.kz@mail.ru



БАСПАСӨЗ-2024



БІЛІМ ШЫҢЫ-

ҒЫЛЫМ СЫРЫ

6 айға жазылу бағасы

Қазпошта арқылы
3765 теңге 60 тиын

“Ер-нұр” пресс арқылы
3966 теңге 00 тиын

Жазылу индексі: 74871

Мекен-жайымыз: ҚР, Шымкент қаласы, Ғ.Орманов көшесі, 10/1
Байланыс телефондары: 8(7252) 77 20 10 Ұялы тел.: 8 778 625 20 78